

...қеген  
екен!





# ...әеген екен!

ЕКІНШІ КІТАПША

Құрастырған  
НИЯЗБЕКОВ Мақсұтбек

М, Есімжан  
8. IV. 92.



Алматы,  
«Әнер»  
1992

Бұл кітапшаға Әзілхан Нұршайықов, Нысанбек Төрекұлов, Ақселеу Сейдімбеков, Әлібек Асқаров, Жақау Дауренбеков, Әміржан Қалиев, Тоқтархан Шәріпжанов, Бейсебай Қірісбаев, Жаңабек Шағатаевтардың жазғандары енгізілді.

Д 27 ...Деген екен! / Құраст. М. Ниязбеков.— Алматы: Өнер. К. 2.— 1992.— 72 бет.

ISBN 5-89840-533-X

Бұл кітапшада халыққа белгілі алыптарымыздың, өнер және мәдениет қайраткерлерінің әр кеңдері айтқан өтімді сез, ұтымды уәж-жауаптары жинақталып берілген. Казакстан өнерінің түрлі саласындағы өнер иелерінің реті келген жерде табан аузында айтқан бұл кисынды да қарымталы, бейнелі де ойлы сездері оқырманды өзіндік ұшқырлығымен, орындылығымен, нақтылығымен тәнті етеді.

Д 4702250201—12  
409(05)92      Без объявл.—92

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 5-89840-533-X

© Алматы, «Өнер», 1992



## ЖӘКЕҢНІң БАРЫМТАШЫЛАРҒА АЙТҚАНЫ

Жас кезінен ақындықты үстанған Жамбыл шаруаға қырсыздау болыпты. Ауыл кезіп өлең айтып жүрген оны бірде барымташылар өздеріне қосып алмақ болады. Сонда ол:

Сорлының үрлап дара атын,  
Жазықсыз қып қанатын,  
Жапанда жалғыз қалдырып,  
Жайым жоқ қарғыс алатын.  
Ел арасын егес қып,  
Ойым жоқ шұрқан салатын,  
Коныстан елді босатып,  
Неміз бар енді шабатын.  
Өлең мен сөзді дос қылып  
Құрамын ақын санатын,—

деген екен.

## НАСЫБАЙ БЕР...

Бірде Жамбыл жазушы Қалмақан Әбдіқадыровқа ағалық әзілмен:

Насыбай бер,



*Насыбай бар болса, жасымай бер.  
Саулық қойдың жасындај жасым қалды,  
Бірер жылға Жамбылды асырай бер,—  
деген екен.*

### **«КЕРІ КҮЙЕУДІҢ» ЖАУАБЫ**

Бір жолы Самсы ауылындағы жекжаттары Жамбылды конаққа шақырыпты. Ақынның соңғы әйелі Қанымжанның сол ауылдан екені белгілі. Қөтпен кездеспей жүрген құда-жекжаттар жиналып қалса керек. Бәрі Жамбылға өлең айтқызады. Өлең арасында әзіл-қалжың да айтылып жатады. Шай қүйып, Жәкене ұсына берген батылдау сөйлейтін, сұлуша келіншек:

— Шай алып отырыңыз, кәрі күйеу,— деп оған қалжың тастайды. Сонда Жамбыл әлгі келіншекке қараға кідірмestен былай депті:

*Балдыз деймін, ендеше балдыз деймін,*

*Су жағалай бітеді жалбыз деймін.*

*Жасым келді тоқсанның сегізіне,*

*Жезден қалай жатады жалғыз деймін?*

Жұрт қыран-топан күлкіге батыпты. Әрқайсысы әр түстан:

— Өзіңе де сол керек.

— Осындаі от ауызды пәллеге тиісіп нең бар!

— Женеше-ау, жайыңа отырмайсың ба? — десіп, әлгі келіншекке бәрі дүрсе қоя беріпти.

### **ЖАМБЫЛДЫҢ ДӘРІГЕРГЕ АЙТҚАНЫ**

Жәкен бірде өзін емдеп жүрген дәрігер Рақымбай Досымбаевқа:

*Бұл өмірде тоймайды адам жасқа,*

*Бақыт үшін бола ма жасамасқа...*

*Карағым, жасарта бер Жамбылыңды,*

Өлтірме шамаң келсе даңғылыңды.  
Өмірге тым асығыс ерте туып,  
Откіздім бейнетпенен сан жылымды.  
Откенге өкінемін, амалым жоқ,  
Өлімге менің қарсы табарым жоқ,  
Өзің біл, шамаң келсе шара қолдан,  
Жай жатқан жан емеспін талабым жоқ,  
Бір күні зорлық қылып әкетпесе,  
Өзім тілеп өлімге баарым жоқ,—  
деген екен.

### ЖАМБЫЛДЫҢ КОЛХОЗШЫ ЭЙЕЛДЕРГЕ АЙТҚАНЫ

Жамбыл бір күні Самсы ауылындағы Шынжырбай деген мұғалімнің үйіне келіп қонып, түнімен өлең айтады. Ертеңіне аттанғалы жатқанда жұмысқа кетіп бара жатқан бір топ колхозшы әйелдер бұрылып келіп, «өлең айтыңыз» деп жалынып қоймаған соң, Жәкең қолына домбырасын алып:

Өлең айтып бер дейді келіндерім,  
Келген екен шырағым келімдерің.  
Өлең айтып келінгे бермей қойсам,  
Сыртқа шығып бұлтитар еріндерін.

Көксегенмен келмейді баяғымды,  
Қымтап салар кемпір жоқ аяғымды.  
Балалар кемпір алып бермей қойды,  
Босаңсыды деді ме таяғымды.

Жасымда жорға мініп, сұлу құштым,  
Несін мақтан қылайын откен істің.  
Ұзынынан қысқасы озып кетіп,  
Мәнісі де болмады-ау бұл байғустың,—

деген екен. Мұны естіген әйелдер тұра қашыпты.

## СҮРАҒЫНА ОРАЙ ЖАУАБЫ

Семейдін Абай ауданындағы Құндызың совхозында тұратын тоқсаннан асқан қарт ақын Шәкір Әбеновтен бірде Алматыдан келген бір адам амандық-саулықтан соң:

— Ақсақал, ақын болу үшін кім болу керек? — деп сұрапты.

Ананың сұрағының қисынсыздығына қитыға қалған шал:

— Ақын болу үшін ақымақ болу керек,— депті.

Онан әрі сөздері қыыспай, өзін бірден ұнатпай қалған үй иесі қонақжайлық мезіретті көрсетпеген соң, келген адам кетуге ынғайланып:

— Ақсақал, ауылдарыңызда қонақүй бар ма? — дейді гой.

— Бар, шырағым, көрсетіп жіберейін,— деп, таяғына сүйеніп сыртқа шыққан ақын маңайдағы үйлерді көрсетіпті:

— Мына шамы жанып тұрған үйді көрдің бе?

— Иә.

— Ана, оның ар жағындағы үйді көрдің бе?

— Иә.

— Міне, мынау үйді көрдің бе?

— Көрдім.

— Ал, енді анау шамдары самаладай жанып, есігі айқара ашық жатқан үйді көрдің гой?

— Иә, көріп тұрмын.

— Ендеше осының бері қонақүй, қай қалағаныңа барсан, қол қусырып қарсы алады,— деген екен.

## ШӘКІРДІҢ БІР ШАҚПА СӨЗІ

Халық ақыны Шәкір Әбенов Жамбылдың қасында жүріп, біраз жыл ол кісіге көмекші болғаны

белгілі ғой. Сол бір шақта, яғни Шәкір Жамбыл ауылында жүрген кезінде «ақынды Алматыға шақырып жатыр, апарып келесін» деген соң, бірде Жәкенді Жазушылар одағына алып келеді. Одақтың басшысы Сәбит Мұқанов, қасында Фабең бар (Фабит Мұсірепов) Жамбылды оңаша алып, қалғандарын кабинеттен шығара бастағанда, Шәкір бір бұрышқа тығылып қалады.

Сәбең Жамбылға:

— Тәте, Сталин сөлем айтып жатыр, «партияға кірсін» депті, не істейсіз? — дейді.

Жәкең:

— Өй, партияңның қызын... — деп боктай бастағанда, Шәкір шыдамай күліп жібереді.

— Өй, сен мұнда екенсің ғой, шық, — деп Фабең Шәкірді кабинетten қуады. Есіктің алдында ошарлып тұрған бір топ ақын-жазушылар Шәкірден «андан не болып жатыр?» дегенде, «арал әпермендер айтпаймын» дейді.

Басы Иса Байзақов пен Қасым Аманжолов болып Шәкірді сыраханаға апарып, көңілін жайлап соң, «Жамбылға партияға тұс деп жатыр» дейді.

— Жәкең не деді?

— Е, тәтең не деуші еді, бір ауыз өлең айтып, ауыздарын жапты емес пе, — дейді Шәкір:

Денем тақап қалғанда тотияға \*,

Бақыт қонды басыма қапияды.

Тоқсанымда тоңқаңдан боқ жеймін бе,

Қызыңды... не ақым бар партияда!

Шәкірдің репрессия құрбаны болуына бір себеп — осы бір ауыз өлең екен.

\* Мұндағы «totия» деген сез — «көрдің топырағы» деген мағынада.

## АҚЫН МЕН ЖАСТЫҚ

Елуінші жылдары қазақ ақыны Қуандық Шаңғытбаев қырғыз ақыны Темір Үмбетөлиевке әзілдеп:

— Темеке, қызы-келіншек тақырыбына қалам тартып жүрсіз бе? — деп сұрапты.

Сонда Темір:

— *Өтіп кетті жасшылық,*  
*Өтіп кетті састырып.*  
*Кыздар өткен бетімді,*  
*Кыл сақалға бастырып,—*

деген екен.

## «МЫҚТЫ БОЛСАН...»

Көрнекті балалар жазушысы Сансызбай Сарғасқаев бірде Орал жаққа қыдырып барады. Ол жақты аралап жүріп, ақын Қадыр Мырзалиевтің туған жерін көреді. Қадыр екеуі жездे-балдыз боп әзілдеседі екен. Алматыға оралған соң Сәкен Қадырга:

— Жымпитың ит байласа түрғысыз екен,— дейді жағасын ұстап.

Сонда Қадыр:

— Сәке, мықты болсаңыз сондай жерде тұа білу керек,— деп жауап беріпті.

## КЕЗДЕСУДЕ

Ақын Жақан Сыздықов Қаскелең қаласына оқырмандармен кездесуге барады. Жәкеңе сөз беріледі. Жәкең мінбеге көтеріледі. Алдын ала да-йындаған сөзі бар екен, сонысын іздел, қолын төс қалтасына салады ғой. Сөйтсе қағазын үйде ұмыт

қалдырған боп шығады. Содан Жәкең сасынқырап сәл тұрыпты да:

Қаскелең... Қаскелең...  
Қаскелеңге мас келем,  
Алматыға барсаңдар,  
Қой соям да, бас берем,—

деп мінбеден түсіп журе беріпті.

### БІР АДАМ ЕКІ АРЫСТАНМЕН АЛЫСА АЛМАЙДЫ

Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының 80 жасқа толуына арнап, батырдың жары Жәмила Алматыдағы «Әсем» тойханасында үлкен той жасайды. Тойда Әзілхан Нұршайқов белгілі режиссер әрі сөз шебері Асқар Тоқпановпен қатар отырып қалады. Өзіне сөз кезегі тиғендे Тоқпанов тойға келгендердің біразын мінеп, шенеп, ешкімнің атын атамай, шетінен сыйбап шығады. Асекенің оспадар міnezін білетін жүрт үн-тұңсіз отыра береді.

Режиссер орнына отырғаннан кейін қоразданып, жазушыға қарай бұрылып:

— Сен Бауыржан туралы тәп-тәуір кітап жаздың. Бауыржан сияқты мен де тұра, тік айтамын, тіліп түсемін, оны өзің де білесің. Көрдің фой, осында отырғандарды сойып салдым әнеки. Ендеше, осы мен туралы неге кітап жазбайсын? — дейді әзіл-шыны аралас.

Сонда Әзілхан сәл жымыпты да:

— Бір адам екі арыстанмен алыса алмайдығай, Асеке,— деп жауап беріпті.

## «ӨЛСЕҢІЗ ДЕ БОЛАДЫ...»

Жамбыл облысының Байқадам селосында Әзілхан Нұршайықовтың өкүрмандармен кездесуі болыпты. Жазушы сөйлеп, сұрактарына жауап бергеннен кейін, өкүрмандар өз жүректерінің жазушыға деген жылы лебіздерін білдіріпті.

Бір кезде Пернебай деген мұғалім орнынан тұрып:

— Әзага, біз Сізді «Махаббат, қызық мол жылдар» романыңыз үшін шексіз жақсы көреміз. Жұрт жүргегіне жол тапқан мұндай романнан кейін Сіз өлсекіз де арманыңыз жоқ қой,— дейді.

Жұрт ду күледі.

Жұртпен бірге Әзілхан да күліп, орнынан тұрып:

— Пейіліңізге рахмет, бауырым. Қазір «Ақыкат пен ақызы» деген кітап жазып журмін, соны бітіргеннен кейін сіздің ұсынысыңыз жайында ойланайын,— деп әзілмен жауап беріпті.

## ЖАЗУШЫ МЕН ПРЕЗИДЕНТ

«Халық жазушысы» деген атақ берілген Жарлық газеттерде жарияланған күні Әзілхан Нұршайықовқа Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев телефон соғып:

— Әзеке, Сізді «Халық жазушысы» атағын алудыңызben құттықтаймын! — депті.

— Құттықтағаныңызға рахмет! Бірақ мен, шынын айтсам, біртүрлі қысылып тұрмын, Нұреке,— депті жазушы.

— Неге?

— Менің алдында жасы үлкен ағаларым, артымда таланты үлкен інілерім бар еді. Солардың алдына шығып кеткеніме қолайсызданамын.

Сонда Президент:

— Оның оқасы жоқ, Әзеке. Ағалардың алдына шықсаңыз — қормалы болғаныңыз, інілерден ілгепі жүрсөніз — қорғаны болғаныңыз. Қормасы бар аға, қорғаны бар іні ренжімес болар. Өз сәтімен олар да сіздің кебінізді киеді ғой,— деп жауап беріпті.

### КІТАПТЫҢ ҚҰНЫ

Бірде Қызылорда облысының Шиелі ауданы орталығындағы Мәдениет сарайында партия конференциясы өтіп жатады. Үзілісте ақын Қанапия Дәрібаев қолтаңба жазып, делегаттарға өз кітабын таратады. Аудандық партия комитетінің хатшысы Дүйсенбі Смайлов келіп, ақынға:

— Қанеке, маған да біреуін жазып бере ғой,— дейді.

Қанапия кітапқа бір шумаш өлең жазып береді. Сондағы жазған қолтаңбасы мынадай екен:

«Дүйсенбіге!  
Ренжіме, ағасы,  
Өлеңім жоқ келісті.  
Кітабымның бағасы —  
Екі стакан шемішки!»

Сол кезде Шиелі базарындағы бір стакан шемішкінің бағасы 20 тыын екен. Ақын өлеңінде кітабының бағасы 40 тыын екенін мензесе керек.

### ИТКЕ КӨҢІЛ АЙТУ

Семей облыстық «Семей таңы» газетінің Ақсуат, Қекпекті аудандарындағы меншікті тілшісі Мейрам Оралов — кейінгі толқын ішінде қысы-жазы бие байлап қымыз ішетін, қыран бұркіт баптап, тазы

итпен із кесетін, бір сөзбен айтқанда, халықтың дәстүрді ұстанып жүрген азаматтың бірі екен.

Осы Мейрамның бір жүйрік тазы иті аяқасты өліп, соған қайғырып жатып қалыпты. Бұл хабар Көкпектіде тұратын белгілі айтыс ақыны Қалихан Алтынбаевтың құлағына шалынады. Сол кезде аудандық газетте редактордың орынбасары болып істейін Қалекен Ақсұатқа арнайы бармаса да, Мейрам бұл жаққа келе қалғанда жігіттерін сапка тізіп қойып, әріпtes інісіне әзіл-шыны аралас:

*Мейрамжан, шейіт болды тазы итіңіз,  
Жаңыца балайтұғын әз итіңіз.  
Бірақ та некролог бермеді ғой,  
Қызыметтес «Семей таңы» газетіңіз», —*

деп көңіл айтады.

Сонда Мейрам табан астында:

*Көкпекті көңіл айтты көк итіме,  
Өзім де өкпелімін газетіме.  
Жігіттер неге хабар бермеді екен,  
Талатпай Көкпектінің көп итіне,—*

деген екен.

## ОСПАНХАННЫҢ БІР ҚУЛЫҒЫ

Бірде Осекең троллейбуста келе жатады. Бір уакта біреу жеңін тұрткендей болады. Қараса, мектептен қайтып келе жатқан кішкене ұлы екен:

— Папа! — деп ұлы арсаландарап еркелейді.

Осекене құлық ой келе қалады да:

— Қай баласың? — дейді қабағын түйіп, бет әлпетін сұтып.

— Өй, папа, менмін ғой? — дейді ұлы.

— Қой әрі! Мен сенің папаң емеспін,— дейді

Осекең міз бақпай.— Өзің кімнің баласысың? — дейді тағы да.

Ұлы аң-таң қалады:

— Оспанханның,— дейді.

— И-и, әлгі сатирик Оспанхан дегеннің баласысың ба? Беу, сығыр-ай, оның да сендей жігіт болған баласы бар екен-ау?..

Сөйдейді де, Осекең аялдамадан тездетіп түсіп қалады. Үйге баратын екі жол бар екен. Бірі осы троллейбуспен орагытып барып түседі. Екіншісі — жолдағы аялдамадан түсіп қалып, үй-үйдің арасымен тіке тартар тұра жол екен. Эрі тез, әрі төте. Осекең осы жолмен үйіне баласынан бұрын келеді де:

— Шешесі,— дейді әйеліне,— қазір балаң келеді. Папам үйде ме десе, ертелі жатыр ғой дейсал,— дейді.

Ентігіп баласы да жетеді. Баласы келе «папам қайда» дейді, шешесі «жатыр ғой әне» дейді.

Баласы аң-таң болып Осекеңе келіп, не айтарын білмей тұрып-тұрып:

— Папа, папа! Жаңа бар ғой, троллейбуста тұра тошна-тош сізден айнымайтын бір адамды көрдім,— дейді аптығып.

Сонда Осекең бір мырс етіпті де:

— И-и, балам-ай, аузы қисық, мыжырайған жалғыз сенің әкең ғана ма еді! — депті.

## ІШЕЙІН ДЕП ІШТІМ БЕ!

Жетпісінші жылдардың орта тұсы болса керек, денсаулығына байланысты ақын Сырбай Мәуленов абындың суды біраз уақыт бойы аузына алмай жүреді. Онысын құрбы-достары да біледі екен. Алайда, бір топ қаламгерлер бас қосқан бір жынын-тойда Мұзафар Әлімбаев бастаған достары





Сырағаңды сынап, ашы судаң аздап болса да дәм татқызыбақ болып келіседі. Достары әрі азғырады, бері азғырады, неше түрлі сөзбен қажайды, бәрі бір Сырағаң көнбей, безеріп отыра береді. Жанжақтан қаумалап «отырыстың сәні келмей жа-тыр» деп жалбарына берген соң, көңілшек Сырағаң ақыр соңында шыдай алмай, бір рюмканы көзді жұмып тартып жіберіпті. Сырағаңның сонысын аңдып отырған Мұзафар:

— *Ішпейімін деп сөз берген,*

*Сырбай қалай өзгерген,—*

деп таңданғандай болып, басын шайқайды.

Сонда Сырағаң зор дауысымен гүж етіп:

— *Ішейін деп іштім бе,*

*Қимайды екен көз көрген,—*

деп іле жауап беріпті өлеңмен.

## ШӘМШІНІҢ ЕКІ ЖАУАБЫ

Қазақ сақарасында Шәмші Қалдақовтың есімін білмейтін, оның ғажайып сазды әсем әндерін үйіп тыңдамаған адам сірә да жоқ шығар. Қазақ халқының алпысыншы, жетпісінші жылдарғы үрпақтары Шәмшінің әнімен өсті, Шәмшінің әнімен тәрбиеленді, Шәмшінің әнімен рухани байыды, нұрланды, азamat болып ер жетті. Мұны сол заманда туған үрпақтың бәрі де мойындайды.

Эрине, соншалықты сыршыл әндер шығарған композитор ән айта алмайды дегенге кім сенсін. Республикалық теледидар үйымдастырған Шәмшімен кездесуде бір көрермен:

— Шәке, өзіңіз ән айта аласыз ба? — деп сүрақ қояды.

Сонда Шәмші:

— Айтқанда қандай! Мендей әнші жоқ бұл дү-

ниеде,— деп жауап береді.— Эн айта алмасам, мен ән де шығара алмас едім ғой... Бірақ мен әнді ылғи да ішімнен айтамын.

\* \* \*

Алпысыншы, жетпісінші жылдары «Шемші Қалдақов» десе қазақтың әрбір азamatы елең етіп, ол кісіні құдіреттей көтеріп әкетуші еді ғой. Атақдаңқы осылайша дәүірлеп, ел-жұрты алақанына салып құрметтеп жүрген сол бір замандарда Шемші ағамыз да сый-сияптақа қатты масайып, бірер жыл бойы ішімдікпен әуестеніп кетіпті. Үлкен адамның ондай оғаш мінезі елеусіз қалсын ба, Шымкент қаласында өткен кездесуде бір студент жігіт:

— Шемші аға, соңғы кезде сізді көбірек ішіп жүр дейді, сол рас па? — деп сұрапты.

Сонда Шемші:

— Ондай өсек таратқандардың жандары шықсын. Мен былтыр бір рет қатты ішкенім рас, ал содан кейінгі уақта кілең бас жазумен ғана жүрмін,— деп жауап берген екен.

Алайда, студент інісінің сол сөзі көніліне түйтіл кіл түсірді ме, әлде денсаулығы келіспеді ме, Шәкен содан кейінгі жылдары арақ ішуін мұлдем қоюп кетіпті.

### «ӨМІРДЕ НЕ БОЛМАЙДЫ»

Университетте оқып жүрген кезінде ақын Өтежан Нұргалиев бірде түн ішінде жолдасының үйі екен деп, байқамай өзінің оқытушысы, профессор Белгібай Шалабаевтың есігін қағыпты. Ар жақтан шыққан Белгібай таңданып:

— Өй, Өтежан, сен мұнда неғып жүрсің? —  
дайді.

Сасқан жерде ұстазының кітабы есіне түсе қалған Өтежан:

— «Өмірде не болмайды» \* ағай,— деген екен.

## ОСПАНХАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Белгілі сатирик-ақын Оспанхан Әубәкіров көзінде консерваторияның актерлік факультетін бітірген ғой. Осы оқу орнын бітірерде дипломдық спектакль «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» болады да, Оспанханға Жантық ролі тапсырылады.

Оспанхан Жантық ролін өзінше ойнағаны сонша, екі дай пікір ду ете қалады. Бір жағы — «Оспанханнан мұлде артист шықпайды» десе, екіншілері — «Өзіндік ойын өрнегі бар тамаша актер болады» деседі. Дау өрши келе алдымен факультеттік, сонынан кафедрә, деканат қатыстырылған жалпы жиналыста қаралады. Онда да пәтуаға келе алмаған даушылар ректорат пен мемлекеттік комиссияға тіреледі. Соңғы сынақ Оспанханға «бес» деген баға береді. Сонда Оспанхан:

Ойнаймыз деп Жантықты,  
Калмады ғой жан тіпті.  
Оспан артист болмас деп,  
Кейбіреулер тантыпты,—

деген екен.

## ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛДЫ ҚҰЛАН ҚАЙДА?

Жазушы әрі ғалым Ақселеу Сейдімбековтің «Білім және еңбек» журналында бас редактор бо-

\* Б. Шалабаевтың «Өмірде не болмайды» атты прозалық кітабы бар.

лып қызмет істеп жүрген кез екен. Бірде қызметес жігіттерімен ақыл-кеңес құрып отырып, Ахан саумал иісті Сарыарқаның ғажайып табиғаты төнірегінде толғана әңгімелеп кетеді. Сөз арасында:

— Баяғыда, біздің ауыл іргесіндегі тұма бұлақтан құйрық жалы төгілген құландар келіп су ішіп тұруши еді, жарықтық! — деп бір қояды.

Осы арада Аханың ұзақ-сонар әңгімесін бөліп, балалар жазушысы Алпысбай Шымырбаев:

— Аха, баяғының данасы Асанқайғының өзі: «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер. Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтып күн көрер», — деп жырлаған фой. Сіздің ауылдың суатына құлап жүрген қандай құландар болды екен? — деп сұрайды.

Ахан жауап беруден кідірінкіреп, шақшасын тықылдатып, асықпай насыбай атады. Насыбай атып отырып:

— Сұрағың орынды, шырағым... Бірак, құлан фана емес, бұ заманда бәріміз де тоқал ешкідей күзелдік қой, қайтейін енді! — деп күрсіне жауап беріпті.

## АУЫЗҒА ТИМЕ

Белгілі журналист әрі жазушы Серік Әбдірайымов бірге араласып жүрген дос-жарандарын әлде-бір себептермен үйіне қонаққа шақыра алмай, араға біраз уақыт салып алыпты. Сөйтіп жүргенде, достар тағы бір үйде бас қосып, кәукілдесіп әңгіме-дүкен құрып отырады ғой. Сөз арасында, Серіктің көзінше, Бексұлтан Нұржекеев қасында отырған Ақселеу Сейдімбековке бұрылып:

— Ақселеу, осы біздің Серік баяғы сол бұрынғы үйінде тұра ма екен? — деп сұрайды.

Сұрақтың астарын сезе қалған Серік:

— Ай, жігіттер-ай, сендерді шақырайын деп да-  
йындаған дүниемді бірде қайын жұрт жағы келіп,  
бірде ауылдастар, енді бірде мәскеулік қонақтар  
келіп... сарқып кетеді. Осы сендердің ауыздарың-  
ның салымы жоқ! — дейді акталғандай болып.

Сонда бір шетте отырған Оралхан Бекеев:

— Серікжан, үйіңе шақырмасаң шақырмай-ақ  
қой, бірақ достарыңың аузына тимеші,— депті.

### АНДАМАЙ АЙТЫЛҒАН СЫН

Қазақстан Жазушылар одағының кезекті бір пленумында жазушы Қалихан Ысқақов: «Жазушылар одағына мүшелікке әдебиетте аты белгісіз, тіпті кітабы де шықпаған қайдағы біреулер өтіп кетіп жүр», — деп секретариаттың жұмысын сынап кетеді. Оның соңын ала мінбеге шыққан, одақтың бұрынғы екінші хатшысы Сайын Муратбеков:

— Эй, Қалихан, қай-жайдары біреулер мүшелікке өтті деп сен бізді неге кінәлайсың? «Бөжіп жүріп арағын ішіп қойып ем» немесе «бір қойының басын жеп, қонақ боп қайтып ем, құрғырды мүшелікке ала салшы» деп өзің де пәленше адамды одакқа өткіздің емес пе! — деп, дәлелдермен Қалиханның сынына тойтарыс беріпті.

Сонда Қалихан басын шайқап:

— Бетеннің ала жібін аттағам жоқ деп ойлау-  
шы едім, тегі мені де шайтан түртейін деген екен  
ғой,— деп, қатты ойланып қалыпты.

### ЖОҒАЛҒАН ҚАБЫЛ ТАБЫЛДЫ

Ақындар Қабыл Боранбаев пен Қалижан Бек-  
хожин жан достар екен. Бірде Қабыл ішіп жүріп,  
сол мас күйінде Қанабек Байсейітовке ілесіп Тал-

дықорғанға кетіп қалыпты. Қалижан оның қайда кеткенін білмей, жан-жаққа хабар беріп, іздеумен болады. Қаперінде түк жок, жарты айдан соң Қабыл аман-есен Алматыға қайтады. Оны көрген Қалижанның қуанышында шек болмай, садақа беріп, достарын шақырып, той жасапты. Сол тойда сөз кезегі келгенде ақын Сырбай Мәуленов былай деген екен:

*Қалижан ізден Қабылды,  
Көше кезіп сабылды.  
Талдықорған тауынан,  
Қанабектің жанынан  
Жоғалған Қабыл табылды!  
Табылғанға той жасап,  
Қалижан тағы шабылды.  
Қабыл отыр, шала мас,  
Сипап қойып қарынды.*

### ҚОНЫСБАЙДЫҢ СҰРАФЫ

Халық ақыны Қонысбай Әбілев университет қа-  
быргасында оқып журген кездің өзінде сөзі ұтым-  
ды, әрі алғыр студент болған екен. Бірде «Ғылы-  
ми коммунизм» атты пәннен оқытушы қемелден-  
ген социализмнің артықшылықтарын, оның адам  
қиялды жетпес ұлы жеңістерін баяндай келе:

— Қазір біздің бір аяғымыз социализмде, бір  
аяғымыз коммунизмде тұр, студент жолдастар,—  
дейді ғой.

Сонда Қонысбай қолын көтеріп:

— Ағай, осы жаңалықты менің естігениме де  
пәлен жылдың жузі болды. Айтыңызы, қашанғы  
өстіп талтайып тұра бермекпіз? — деп сұраған  
екен.

Қонысбайдың осы сұрағы кейін ел арасына жа-  
йылып, мәтелге айналып кетіпті.



## «ЖҰЛДЫЗДЫ» ҚҰЛАТАҮП АЛМАЙЫҚ

Көрнекті ақын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты Faфу Қайырбеков ұзақ жылдар бойы «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарған еді. Faфекеңнің қара қылды қақ жарғандай турашылдығы, табан астында айтып салар тапқырлығы, қазактың қара тілінің майын тамызған шешендігі жөнінде қаламгерлер арасында талай-талай әнгімелер айтылып жүр. Солардың біреуі мынау екен...

«Жұлдыз» журналы редакциясында «ілездеме» секілді бір жиналыс жүріп жатады. «Журнал алдағы жылы қандай болуы керек» деген бағытта жігіттер ой-пікірлерін, ұсыныс-тілектерін ортаға салып, жақ-жак болып айтысып жатады. «Жұлдыздың» атақ-абыройы онсыз да аспандап тұрған кез екен, әйтсе де айдар ашсақ, түген деген мақала жазсақ деп даурығысады ғой жігіттер... Жұрт құсап өнеш жыртып айтыспай, бір бұрышта үнсіз қалған жалғыз Faфекең екен.

— Иә, Faфеке, сіздің пікіріңіз қандай? — дейді әріптестері бір кезде.

Сонда Faфекең иегін бір сипап қойып:

— Айтқандарыңың бәрі жөн ғой... Бірақ өстіп даурығып жүріп, аспанда тұрған «Жұлдызымызды» құлатып алмасақ бопты, ағайындар! — деген екен.

## ҰШ НОЯН

Алматыдағы «Жазушылар үйінің» жанында ежелден астананың Бас почтасы («Главпочтa») орналасқан. Ол Бас почтаның өр жағында баяғыда, заманның кең кезінде әп-әдемі етіп салынған

шағын сырахана бар болатын. Қазақстанның халық ақыны Қонысбай бірде ақын-жазушылар Жарасқан Әбдірашев, Абдул-Хамит Мархабаев, Ибрагим Исаев үшеуінің сол сырахананы жирик жағалап жүргенін байқайды да қалжындал:

*Ибрағим Исаев,  
Шәпкісі қисайып,  
Қасында Жарасқан,  
«Главпочтадан» әрі асқан...  
Дәл кешке таман,  
Орталарында Хамаң  
Өлең айтып,  
Келеді екен қайтып,—*

деп екі шумақ өлең шығарыпты.

### ПАЛАУ ҚАЙДА!

Жазушы Қалмұқан Әбдіқадыров өзбек тағамдарын жасауға келгенде алдына жан салмайтын шебер болыпты. Қоркем әдебиет баспасында істеп жүрген кезінде ол кісі бірде Сыrbай Мәуленовты үйіне қонаққа шакырады.

— Женешең үйде жок еді... Сенің талантыңа тәнті боп жүрген ағаң едім, үйге барайық, саған өз қолымнан дәмдеп ас істеп берейін,— дейді.

Сыrbай «ас істеймін дегені несі екен?» деп бір ойлайды да, сонынан еріп Қалекенің үйіне барады.

— Сен кітап қарай тұр, мен ас істеп, палау баса қояйын,— деп, Қалмұқан ас үйге шығып кетеді.

Арада бір сағаттай уақыт өткенде:

— Қалеке, палау қайда? — дейді қарны аша бастаған Сыrbай.

— Палауды баптап жатырмын, күте тұр,— дейді Қалекең ас үйден дауыстап.

Арада тағы бір сағат өтеді. Сырбай тықыршып, қарнын сипап:

— Палау не болды, Қалеке? — дейді.

— Баптап жатырм... аздан соң әзір болады,— дейді Қалекен.

Сырбай тағы да бір сағат күтеді. Палау келмейді.

— Қалеке, палауыңызға не болды? — дейді Сырбай ас үйге қарай жақындал.

— Нағыз бабына енді келейін деді... Сәл күте тұр,— дейді Қалекен бұлк етпей. Үш сағат бойы күттірген палаудың мұндай «қорлығына» төзе алмаған Сырбай сол жерде өлеңдетіп:

*Қазаннан ас түскеніше,  
Сіздің палау піскеніше,  
Шыдар едім мен пақыр,  
Әттең, соған іш көнсе,—*

деп, амалы құрып, сылқ етіп отыра кетіпті.

### АҒАЛАРДЫҢ ПОРТРЕТИ

Сықақшы-суретші Еркін Нұразханов бірде жолы түсіп, Жазушылар одағының «Шығармашылық үйіне» бара қалады. Қектемнің жылымық жайдары күні екен, есік көзіндегі ұзын орындықта бір топ қаламгерлер күншуақтап, маужырап демалып отырады. Келіп сәлем берген Еркінді олардың біреуі таныса да, біреуі танымайды екен. Ол кездегі Еркіннің бастығы, «Балдырган» журналының бас редакторы, көрнекті ақын Мұзатар Әлімбаев:

— Жігіттер, сендердің аузы-бастарынды қисайтып салып жүрген мықтың осы болады,— деп таныстырады.

— Е, осы жігіт пе еді? — деп, қаламгерлер риза болып, Еркінге қошемет сөздер айта бастайды.

Сонда орындықтың бір шетінде үнсіз отырған ақын Өтежан Нұргалиев:

— Еркін інім, бұл ағаларыңды қисайтып салдым екен деп қысылма, сен әлі күнге бұлардың түп-түзу, тәуір портреттерін салып жүрсің. Ағаларыңның шын бейнесін көргің келсе, карызыға молырақ ақша сұра... Беттерінің қалай қисайғанын сонда көресің. Міне, ағаларыңның нағыз портреті сол! — деген екен.

### ОТЫЗҒА ТОЛМАҒАНДАРДЫ АУДАРМАЙДЫ

Өтежан Нұргалиев жақсы ақын ғана емес, мықты аудармашы ретінде де қазақ өкірманына танымал ғой. Соны білген баспагерлер ол кісіге: «Мына бір топ өлеңдерді аударып берсөніз?» — деп бірде қолқа салады. Өтекең өлеңдерді парактап қараған болады да:

— Жігіттер, кешіріндер... Мен үп-үлкен ақын басыммен мынау секілді отызға толмаған сапляктарды аудармаймын! — дейді.

Сөйтсе, Өтекеңнің айтып тұрған «отызға толмаған саплягі» — Лермонтов екен.

### ЕР АДАМНЫҢ БІР ЕРЕКШЕЛІГІ

Жазушы Әлібек Асқаров бірде көктайғақ мұздан тайып жығылып, мұрнын жарапап алады. Келесі күні жұмысқа келе жатып, есік көзінде ұстаз ағасы, жазушы Сейдахмет Бердіқұловқа кезігіп қалыпты.

— Сейдаға, осылай да осылай болды... ұяттау болды,— деп, Әлібек ыңғайсызданып, терісі сүрілген мұрнын сипалай беріпті.

Сонда Сейдаған:



— Эй, Әлеке, оның несіне үяласың... Ер адам еш жеріне сызат түспей, жып-жылмағай болып жүрсе — оның несі еркек? Ал беттегі тыртық сен секілді нағыз еркекке ғана жарасады,— деп «жұбату» айтқан екен.

### АХМЕТ ПЕН РЕДАКТОР

Академик Ахмет Жұбанов кезекті бір кітабының қолжазбасын «Жазушы» баспасына тапсырады. Арада біраз күн өткенде автор баспаға келіп, кітабының редакторынан:

— Қарағым, қолжазбамды оқыдың ба? — деп сұрайды.

Сонда аңқау редактор:

— Япырмай, Ақа, керемет сауатты екенсіз ғой, үтір-нүктесіне дейін ешбір қатесіз қойыпсыз! — депті.

Ақаң бұл сөзге болмашы ғана жымып:

— Қайдан білейін, қарағым, осы жұрт мені академик деп жүр ғой,— деген екен.

### АЛТЫ САФАТ МАҚТАҒАНДА...

Белгілі журналист, педагог, ғалым, мектеп окушыларына арналған «Қазақ әдебиетті» оқулығының авторы Төлеутай Ақшолақовтың мерей тойы болады. Оған қатысқан конактар тарқағаннан кейін етжақын адамдардың кейбірі сол үйде қонып қалады. Олардың арасында қазақ журналистикасының ақсақалы, профессор Қалижан Бекхожин, белгілі композитор Садық Кәрімбаев, ақын Мұзаттар Әлімбаев болады.

Той-той деп жүріп шаршаған бұлар бастары жастыққа тиісімен үйықтап кетсе керек. Бір кезде ас үйден күнгірлекен, салдырлаған дыбыстар ес-

тіледі. Тұн ішінде басқаларға үйқы бермей, қазан-аяқты салдырлатып жүргендер кім болды еken деп, Мұзафар ас үйге барса, Садық Қерімбаев Төлеутай Ақшолаковты иығынан қapsыра ұстап, төніп тұр еken дейді.

Сөйтсе, композитор үй иесінен жұрт жатқаннан кейін тағы арак сұрайды. Төлеутай ас үйден іздел ештеңе таба алмайды. Ал Садық тап та таптың астына алып, өзеурей берсе керек. Олардың үстінен шыққан Мұзафар:

— Эу, Сәке, сақалды басыңызben айқай-шу шығарып сізге не болған? — деп, екеуіне араша ту-седі.

Сонда Садық:

— Эй, бала, сен бұған араласпа. Біз мұны алты сағат бойы мақтадық, енді жарты сағат боқтауға болмай ма еken? — деп жауап беріпті.

### ЕСЕППЕН ӘКЕЛГЕН ӨЛЕҢ

Халық ақыны Омар Шипин (1879—1963) бірде Қостанай облыстық газеті редакциясына келіп, егін орағына орай жазылған екі жұз жолдық өлеңін тапсырады. Ақсақалдың өлеңін қабылдан алып қалған редакция қызметкерлері оның жұз жолын қысқартып, жұз жолын газетке шығарыпты. Омекен келесі жолы редакцияға барған кезде жігіттер:

— Ақсақал, ғафу өтінеміз, өлеңініздің жұз жолын ғана басуға мүмкіндік болды,— деп кешірім өтінген болады. Сонда Омекен сәл ғана езу тар-тып:

— Сендердің қақ жарымын қысқартатын «қасиеттерінді» біліп, өзім де есеппен көбірек жазып әкеліп ем... Егер газетке шыққан осы жұз жолды әкелген болсам, онда сендер елу жолын ғана қалдырыар едіндер,— деген еken.

## ОЙҒА КЕЛМЕЙТИН СӨЗ

Бір жаққа баруға жиналып жатқан әкесінен Бақытжан Момышұлы: «Қайда барғалы жатырсыз?» — деп сұрағанда, Бауken:

— Жобсқа барамын, деп жауап қайырады.

— Түсінбедім, қайда барамын дедіңіз? — деп қайыра сұраған баласына Бауken: «Е, несі түсініксіз, «Жазушылар одағының бірінші секретары» дегеннің қысқашасы ғой», — деп жауап береді.

— Түү, папа-ай! Қісінің ойына келмейтінді айтады екенсіз,— дейді Бақытжан. Сонда Бауken:

— Ойына келгенін ғана айтатын саған теңелер жайым жоқ! — деген екен.

## ХАЛ СҰРАМАЙТЫН СӘБЕН

Елді аралаған бір сапарларында әйгілі ақын-жазушылар Иса Байзақов, Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов үшеуінің жолы Қарағанды жеріне туспіті. Содан түнімен қонақта болып, үшеуі танертең Ақтогайға баруға жиналып жатқанда Сәбенің дәу қара сөмкеге арақ-шарап, тамакты нығап салып жатқанын Қасым байқап қалса керек. Машинамен жолға шыққандарына біраз уақыт өтіп, Нұра өзенінен өткенше сыр білдірмей отырған Қасым бір кезде:

— Элгіде мына сөмкеге арақ-шарап салып жатыр еді, шөлден өлеміз бе, бірдеңе десеңші,— деп сыбырлайды Исаның құлағына.

Маужырап отырған Иса селт етіп көзіп ашып:

Ел қайда, Есіл қайда, Нұра қайда?

Конъяк, шампан менен сыра қайда?

Бас ауырып, балтырың сыздаса да,

Бұл Сәбен «хал қалай» деп сұрамайды, ә?!

— деген екен.

## АҚМОЛА САПАРЫНДА

Елуінші жылдардың басында Сырбай Мәуленов қарагандылық ақын Аллажар Теміржановты қасына ертіп, шығармашылық командировкамен Ақмола қаласына барады. «Күтіп аламын» деп уәде берген ақмолалық жазушы Кабыкен Мұқышев әлдебір себептермен вокзалға келмей қалады. Поездан түскен соң Сырбай мен Аллажар алаңдап, айналаға жалтақтай қарап аз-кем тұрады да:

— Ресторанға кіріп, конъяк ішіп, бой жылыта тұрайық. Іздеген Қабыкен бізді сол жерден табар,— деп, екеуі теміржол вокзалиның рестораны на қарай тартады. Келсе, ресторанда конъяк түгілі ақ арақ та жоқ екен. Сонда Аллажар өкіне басын шайқап:

*Қабыкен тұрган Ақмолада  
Конъяк түгіл ақ бола ма!* —

деп өлеңдетіп жіберіпті.

## АҚША ЖОҚТА МҰНЫҢ НЕ?

Ақын Нұтфолла Шәкенов бірде таңертен манда-  
йы құрысып, желкесі тырысып, басы мең-зен тө-  
сектен тұрады. Тұрган бойда:

— Бәйбіше, шалыңды өлтірмейін десең бас жа-  
зар бірдене тапсаңшы? — дейді әйеліне дауыстап.

— Үйбай-ау, Нұкесі-ау, біздің үйде не тұрушы  
еді, кеше достарыңмен бәрін сарқып қойдыңдар  
емес пе! — дейді әйелі алақанын жайып.

Мұндай тығырықтан шығудың жолын ойлап, ба-  
сы қатып отырған Нұтфолла:

— Эй, бәйбіше, кеше үш сом бар еді ғой сенде,  
соны берші, дүкенге барып басымды жазып келе-  
йін, — дейді.

Әйелі азар да безер болып:

— Нүкесі-ау, ол үш сомға кеше наң жаятын оқтау алыш қойып ем,— дейді.

Сонда Нұтфолла:

— Сен де бір қызық адам екөнсің!.. Өзі ақша жоқта үйге мебель алыш...— деп әйеліне қатты ренжіпті.

### ҚҰДАЙДАН ТІЛЕУ

Жазушы Фабдол Сланов баяғыда «Жұлдыз» журналында қызмет істепті. Бірде бір жетіге онтүстік жаққа командировкаға кетіп, сол кеткен-нен мол кетіпті. Хабар-ошар жоқ, арада бір жарым ай өткен соң сүйретіліп Алматыға жетедіғой.

— Иә, Фабеке, кайда болдың, қайдан келдін, сайра кәнеки? — депті «Жұлдыздың» сол кездегі бас редакторы Сырбай Мәуленов сызданып.

— Басеке, айып менен,— дейді Фабдол кешірім етініп,— Қызылқұмның қыыр бір шетіне шығып кетіп... бір қойшының үйінде «тойланқырап» жіберіппін. Қойши да бір аңқылдаған сабаз екен, уақыттың қалай өткенін аңғармай қалыптын.

Сонда Сырбай алақанын жайып, көкке қарап:

Айналайын, Габдол,  
Әйттеір бар бол!  
Құдай тағала бұл Габдолды  
Жоғалтпай тағы, жар бол! —

деген екен.

### ЛЕКЦИЯ ӨТІП КЕТИПТІ

Баяғыда Қызылорда обкомы Асқар Тоқмағамбетов пен Қалмақан Әbdіқадыровты шақырып алыш, он күн бойы оқытып, саяси сауаттарын же-

тілдіріп, дайындал, шопандарға лекция оқуға аттандырып қоя береді. Екеуі алғашқы күні-ақ Аралдың арғы шетіндегі, ит арқасы қияндағы бір қойшының үйінен бір-ақ шығады. Аты белгілі ақын-жазушылар келген соң қойшы жазған қойын сойып, етін асып, арағын құйып дегендей, жаңы қалмай қонақ етеді. Асекең ішімдікке жоқ екен, оның есесін Қалекен қайырып, біраз жерге дейін барып қалады ғой... Содан Қалекен түн ортасында ұйықтап жатқан жерінен атып тұрып:

*Ей, жатқандар,  
Құдай атқандар,  
Бүйтіп жатаңдар,  
Мал басын сақтаңдар!*

деп тақпақтатып айғай салыпты. Бала-шаға шошып оянып, үй иелері абыржып қалысады. Сонда Асекен:

— Жолдастар, бұ кісіге көңіл аудармаңдар, әншайін Қалекене обкомның лекциясы өтіп кеткен ғсій,— деген екен.

### ЖАСЫРАТЫН ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Ақын Сырбай Мәуленов бірде астананың орталық моншасына барса — көп адамның ішінен Сәбит Мұқановқа көзі түсіп кетеді. «Қой, Сәбенді жалаңаш көргенім ұят болар»,— деп ойлап, Сыраган түкпірдегі бір бұрышқа барып, теріс қарап жуына бастайды. Сөйтсе Сырбайды Сәбен де байқап қалыпты:

— Эй, Сырбай, менің сенен жасыратындаі ештәнем жоқ. Жасырайын десем де тыр-жалаңаштын. Одан да сен бері келіп, арқамды ысып бер,— депті Сәбен дауыстал.

## АБАЙ ӨЛЕҢДІ НЕ ҮШІН ЖАЗДЫ?

Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент мүшесі, белгілі әдебиет зерттеушісі, профессор Есмағамбет Ысмайылов бірде көлемді мақала жазып, ол мақаласында бір топ жазушыларды сынап кетеді. Сол сыналғандардың ішінде Сәбит Мұқанов та бар екен. Сәбен Есмағамбеттің сынын өңіліне ауырлау алыш, келесі күні оған телефон шалады. Бір-бірінің амандық-саулығын, хал-жайтарын ғана сұрап, екеуі де негізгі «мәселеге» жотамай, аз-кем әңгімелесіп қалады. Сөз арасында Есмағамбет:

— Ертең Семей жаққа, Абай ауданына командировкаға журейін деп отырмын,— дейді.

— Абай ауданына дейсің бе? Онда мен бір шаруа тапсырайын, соны біле келші? — дейді Сәбен.

— Пәлі, Сәбе, айтсаңыз болды гой, қатырып орындал қайтамыз,— дейді Есмағамбет.

Сонда Сәбен:

— Эй, Есмағамбет, орындасаң сол, Абайда: «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, ол мерген болды, мені атты»,— деген өлең бар еді. Сол өлеңді Абай не үшін жазды екен, соны біле келші? — деп телефон трубкасын ақырын ғана іле салыпты.

## ТАРИХТА КІМ ҚАЛМАҚ

Мұзафар Әлімбаев композитор Әбілахат Еспаевқа кездесіп:

— Әбілахат, енді сен тарихта қалатын болың,— дейді.

— Қалайша? — дейді композитор.

— Мен сені жаңа поэмама енгіздім...

Сонда Әбілахат:

— Мұзға, алдымен сол жазған поэмаңыз тарихта қалар ма екен, әңгімені содан бастасаңыз етті? — деген екен.

### «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН КӨТЕРІП КЕЛЕМ...»

Домбыра жасаудың шебері, әрі белгілі бала-  
лар жазушысы Қабыш Жәркенов бір қол, бір ая-  
ғынан тұра алмай сырқат болып қалады. Ақын  
Темірше Сарыбаев Қабышты арқасына көтеріп  
алып, жоғарғы қабаттағы бір дәрігерге апара жа-  
тады. Теміршешің арқасында келе жатқан Қабыш  
үшінші қабатқа шықкан кезде:

— Темірше, шынашақтай шалды көтере алмай  
ентігіп қалдың фой,— депті. Сонда Темірше:

— Қабеке, мен жалғыз сізді ғана емес, қазақ  
қолөнері мен балалар әдебиетін қоса көтеріп кел-  
мін емес пе, қайтейін енді! — деген екен.

### ЕРЕКШЕ «МИНЕЗ»

Елуінші жылдардың ішінде Қазақ мемлекеттік  
көркем әдебиет баспасында ақын Фатих Дінисла-  
мов біраз жыл редактор болып, қызмет атқарып-  
ты. Фатекең қолына түскен қолжазбаның әр же-  
ріне сұрау белгісін қойып, авторлармен дауласып,  
қыңырайып отырып алады екен. Фатекенің  
мінезіне қанық авторлар ол кісіні қолтығынан  
демеп, кафе, ресторан, немесе сырахана жақты бір  
аралаң қайтады екен. Солай етсе болды, Фатекен-  
нің құрысқан мәндайы жазылып, қолжазбаға  
соққан әлгі сұрау белгілерін сөзге келмей қолма-  
қол өшіріп тастайтын көрінеді.

Фатихтың осы мінезіне орай оның ақын доста-  
ры сол кезде мынадай өлең шығарыпты:

Болмас жерден мін тауып,  
Үйқасын да күзейді.  
Автор келсе «тіл тауып»,  
Басын сосын «түзейді».

## ЕКІ АҚЫН ЖӘНЕ БЕЛЬГЕР

Қазақстানның Россияға қосылуының 250 жылдығы сол заманың саясатымен ұлан-асыр той бол етті ғой. Тойдың басы Қазақстан астанасында басталып, соны Мәскеудегі ойын-сауық, мәжілістермен аяқталғаны мәлім. Сол Мәскеудегі тойға Қазақстанның жүзге тарта өнер қайраткерлері, ақын-жазушылар қатысады. Бірнеше күн тойлап, бастары аздап шыңылдан, Faфу Қайырбеков пен Сыrbай Мәуленов бірде таң атпай «Москва» мейманханасының алдында таза ауа жұтып тұрса, мейманханадан қазақстандық атақты неміс жазушысы Герольд Бельгер шығып келе жатыр екен дейді. Герольд Faфекең мен Сырағаңың қозінен оттай басылып, екеуі оның қолынан шап беріп үстай алыпты да, қайым үйқаспен былайша өлеңдете жөнеліпті:

Faфу:

— Немістің бір ақыны Бельгер еді,

Сыrbай:

— О бастан жомарттығы белгілі еді,

Faфу:

— Үш тілдің басын қосқан \* қайран сабаз,

Сыrbай:

— Еңбегін жалпақ жатқан ел біледі,

Faфу:

— Мәскеуге келе қалған сапар екен,

Сыrbай:

\* Бұл жерде Бельгердің қазақша, немішше, орысша бірдей жаза беретін ерекшелігін мегзеп отыр.

— Біз десе соға қалған ер жүргегі,  
Faфу:  
— Болса да орыс-қазақ тауыстық қой,  
Сырбай:  
— Немістен ішер кезек енді келді.  
Қазақ тілінің құдыретін де, дәмін де, мәртебесін де жақсы білетін Герольд Бельгер риза болып, екі ағасын қолтықтап бөлмесіне қарай жетектей жөнеліпти.

### ӘТТЕҢ, ТЕМІР БОЛМАҒАНДА...

Көрнекті жазушы Дулат Исабеков республикалық теледидарға Бас директор болып тағайындалады. Бар өмірі газет-журнал редакциялары төңірегінде өткен, теледидар дейтіннен хабары шамалы Дулатқа ол жерге бастық болу онайға соқпайды. Бірақ бастықтың аты бастық қой, қызметкерлерге пікір айту керек, ортаға ұсыныс тастау керек, жайы келсе ескертпелер де жасаған жақсы, қысқасы «бұл саладан түк білмеуші едім» деп қол қусырып отыра бермей, оларға бағытбағдар, жөн сілтеу міндет. Осы оймен Дулат тақыметіне білек сыбанып кірісіп кетеді. Құдай тағала пен десін қолдайын десе қолында екен фой, бастық болған алғашқы күндері-ақ Дулатқа өз қызметкерлеріне қатаң ескертулер жасаудың, тереңнен әнгіме қозғаудың реті келе кетіпти.

Әдетте «Уақыт» ақпарат бағдарламасынан кейін республика теледидары көрермен назарына көркем кинофильм ұсынуши еді фой. Бірде кешкілік сол «Уақыт» пен кинофильм аралығында экран үш мүйнет бойы бос тұрып қалады. Ертесінде таң атпай Дулат қызметкерлерін шақырып алып, осы жәйтті қатаң ескертіп, кезекшілікте болғандарға ұрыса бастайды:

— Бұл барып тұрған жауапсыздық! — дейді ашуланып. Бұған кім кінәлі, сол кісіні маган шақырындар!

Жаңа бастықтың айбынынан ығып, шеткерірек отырған қызметкердің біреуі:

— «Томсон» қызып калып... — деп ақтала бергенде, Дулат оның сөзін кілт бөліп жібереді:

— Жұмыс уақытында қызып жүрген ол кім? Ондай пиәншікті бүгіннен бастап жұмыстан қуу керек! — дейді екпінін баса алмай.

— Дулат Исабекович, оны сіз қуа алмайсыз... — дейді топ ортадан тағы біреу күмілжіп.

— Неге қуа алмаймын?! Қек тіреген қолдауы бар болса да қарамаймын, қуып шығам, — дейді Дулат та намыска тырысып.

— Қуа алмайсыз...

— Қуамын!

— Қуа алмайсыз дегенім... ол — темір ғой, аппарат, Дулат Исабекович... Сол қызып кетіп, сұтыканша экран үш мүйнет бос қалған еді...

Сонда Дулат өкінгендей басын шайқапты да:

— Қап, бәлемді... ол онбаған, темір болмағанда көресіні көрсетер ем! — деген екен.

## СӘБЕҢ МЕН БЕЙТАНЫС ЖІГІТ

Сәбит Мұқанов таяғын тықылдатып, бірде Жазушылар одағына қарай аяңдап келе жатса керек. Көше бұрышындағы үйді айнала берген кездे қарсы алдынан шашы желкілдеген, өзі желпілдеген бір жас жігіт ұшыраса кетіпти:

— Ассалау мағалейкум, Сәбе! — дейді жігіт жазушыға қос қолын ала үмтүлдып.

Сайтандай сап ете қалған жігіттің айқайлай берген сәлемінен Сәбен селк еттіп, сасып қалады:

— Уәликүмсәләм! — деп, кідіріп барып сәлемін алады. «Бұл жігіт кім болды екен, аңқылдаң тұрган баланы танымағаным ұят болды-ау», — деп іштей қысылыңқырап та қалады. «Е, дәу де болса ауылдан келген ағайындас біреу шығар», — деп жорамалдайды да:

— Иә, қашан келдің, ел-жұрт аман-сау ма? — деп сұрайды.

— Сәбе, нені сұрап тұрсыз? Мен осы Алматыда тұрам ғой... — дейді жігіт.

— Жо-жоқ, мына жерге қашан келдің деп сұрап тұрмын? — дейді Сәбен аяқ астындағы асфальтті тықылдатып.

— Келе жатқан бетім осы еді, Сәбе.

«Қап, бәлем, бұл басқа жігіт болды ғой», — деп Сәбен іштей тағы қылп ете қалады. «Ұялған тек тұрмастың» қамын жасап:

— Қалай, үйдегі келін аман-сау ма? — дейді.

— Сәбе, мен әлі бойдақпын, — дейді жігіт те лыпымылдап.

— Жо-жоқ, сенің шешеніңді айтам... Ол маған келін болмағанда кім болушы еді?! Соны сұрап тұрмын, — дейді Сәбен қолма-қол сөз тауып.

— Е... ол кісі аман-сау, шапқылап жүріп жатыр...

— Шапқылап жүріп жатса — сол келінге сәлем айт — деп Сәбен жылжып жүріп кетіпті.

### МҰҒАЛІМНІҢ МІНЕЗІ

Алпысыншы жылдардың ішінде ақын Сырбай Мәуленов Ұзақбай деген кісімен ұзақ уақыт бойы таныс дос болып жүреді. Ұзекенің өзі әзілкеш болғанымен, кей-кейде оның өзіне әзіл айта қалсаң — қыз сияқты қысылып, ұялып қалатын қызық міnezі бар екен. Ұзекенің сондай міnezін жақсы

білетін Сырағаң бірде өлеңмен ол кісіге мынандай мінездеме жазыпты:

Білемін баяғыдан Ұзақбайды,  
Ұзекен қызды әзілмен тұзақтайды...  
Сондайын айтсаң болды бетін басып,  
Ұзақбай қызыараңдаң тызақтайды.

### ӨЛЕҢМЕН СӨЙЛЕУДІҚ ДЕ ЖӘНІ БАР

Ақын Сырбай Мәуленов шығармашылық сапармен бірде Жамбыл облысын аралайды. Ол жактағы жергілікті бір жас ақын Сырағанды қолтырынан жетелеп, үйіне қонаққа апарады. Жас ақының аздап кеудесінің желі бар ма, айттар сөзін үйкаспен, өлеңмен айтуға тырысады екен. Сырағанды төріне жайғастырған бойы, өзі де тізе түйістіріп отыра қалып:

Сыр-ага, отырайық өлеңдетін,  
Әр жолын өлең сөздің көлемді етін,—

деп сөз тастайды.

Сонда Сырағаң:

Өлеңді женіл-желлі айта салып,  
Бағасын не қыламыз төмендетін,—

деп іле жауап береді. Әлгі жас ақын Сырағаның осы сөзінен соң өлеңмен сөйлегенді сап қойыпты.

### МҰЗАҒАҢНЫҢ «ЗАПИСКАСЫ»

Жазушылар одағында кезекті бір жиналыш өтіп жатады. Одақ басқармасының хатшылығына әртүрлі адамдар ұсынылып, жұртшылық кезек-кезек мінбеге шығып сөз сөйлейді. Сөйлеушілердің көпшілігі біреуді мақтап, біреуді даттап, бұра тарта берген соң, жиналыштың соны айтыс-тартыс, дау-

дамайға айнала бастайды. Даудың сондай бір қызған тұсында мінбеге айқайлап сөйлейтін ұраншылдау бір қаламгер шығады. Ол кісі қолын онды-солды сілтеп, жылтыр сөздің майын тамызып, саясатты соққан кезде, ауылдан келген бір жас ақын:

— Мұзага, мына кісі кім еді... Менімше, ақылды сөз айтып түр,— деп қасында отырган Мұзагар Әлімбаевқа бұрылады.

Сонда Мұзагаң «ұндеңе» дегендей ишара жасапты да, қойын дәптерінің бір парагын жыртып, жас әрітесіне мына бір өлең жолдарын жазып беріпті:

*Ақылды ма?*

*Атама! Шала есі бар...*

*Шұбатылған жыландаи пәлесі бар,*

*Көссеулікке татымас бұл шіріктің*

*Көсемдікten, о тоба, дәмесі бар!*

## ЖЕР ШАРЫ ҚАЛАЙША КӨТЕРІП ТҮР!

Сексен бестің сәуірінен соңғы жаңалыққа да, жаңаууларға толы алғашқы үш-төрт жылда баспасөз беттері ұрандаған мақалаларға, қайта құрған ақыл-көңестерге толып кеткені белгілі ғой. Бірде ақын Сыrbай Мәүленов сондай газеттің бірін оқып отырып, күрсіне басын шайқапты.

— Сыраға, терең күрсіндініз ғой, не болды сізге? — дейді қасындағы інілерінің бірі.

Сонда Сыраған:

*Алдында бөгет жоғын көрді дағы,*

*Бұл күнде білгіш болды елдің бәрі.*

*Осынша шешендер мен көсемдерді,*

*Қалайша көтеріп түр жердің шары,—*

деп табанда өлеңмен жауап беріпті де, тағы да күрсініпти.



## ХАЛЫҚ ҚУЫП ШЫҒАДЫ

Жазушылар одағында жиналыш, басқадай да басқосулар бола қалса, үнемі белсеніп мінбеге шығып, тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, әй-теуір сөйлей беретін, сөйтіп бір көрініп қалуға тырысатын қalamгерлер де кездесіп қалады. Ділмәрсіп ұзак тұрып алған ондайларды жазушылар кейде амалсыз қол шапалақтап, сөзін естіртпей, «қошеметтеп» мінбеден қуып түсіреді екен. Жиналған жұрттың уақытын алып, зықысын кетіріп жүрген сондай «белсенділер» туралы ақын Мұзаттар Әлімбаев бірде былай деп жазыпты.

«Жиын бар ма бүгін?» — деп,  
Жиыны буып шығады.  
Мінбе тапса дүрілден,  
Сұсты-суық шығады...  
«Былишылдаған бұ кім деп?» — деп,  
Халық қуып шығады.

## ШАЛКИІЗДЕН ШЫҚҚАН ШАТАҚ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті жазушы Мұхтар Мағауин оқырмандарға о баста аса талантты ғалым ретінде танылғаны белгілі. Мұхаңды қalamdas ағадостары кейде «Қазақтың жазба әдебиеті тарихын бес ғасырға жылжытқан ғұлама» деп те атайды екен. Қазақ әдебиетінің бастау-бұлағын Мұхаң қалайша сонау XV ғасырға апарып жүр? Бұл жөнінде ел арасында да әртүрлі алыпқашпа әңгімелер бар. Әрине, ондай әңгімелердің қоспасы да көбірек, бояуы да қалыңырақ болуы мүмкін. Ал біздің айтып отырғанымыз — Мұхаңның өз аузынан орайы келгенде суыртпақтап жазып алған дүниелер еді.

1966 жылы «Мектеп» баспасында «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияның қолжазбасы талқыланды. Кітапты құрастырғандар Мырзатай Жолдасбеков, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин екен. Ол — Мұхтар Мағауиннің кандидаттық диссертациясын дайындалған, түрлі кедергілерге кезігіп, жұмысын өткізе алмай журген кезі болса керек. Соның білетін қолжазбаның редакторы Бақытжан Хасанов редакциялық кеңес басталмай турып Мұхтарға:

— Қажекен ренжінкіреп, ашуланып отыр. Ол кісі сөйлейтін болса — сен үндемей-ақ қой. Ертең қорғап жатсаң — кедергі боп жүрер, — дейді сыбырлап. «Қажекен — дегені — Қажым Жұмалиев, — академияның корреспондент мүшесі, профессор, атағы жер жарған ғалым, әйгілі әдебиет зерттеушісі.

— Жарайды, арыстанмен айқасып не көрінді маған, — дейді де, Мұхаң бір бұрышқа барып үнсіз отырады.

Қолжазбаны талқылау басталып кетеді. Біреу мақтайды, біреу даттайды дегендей, әртүрлі пікір, ойлар, ұсыныстар айтылып, кеңес мүшелері ортақ бір шешімге келе алмайды. Осы кезде Қажекен дауыс көтеріп:

— Оның несіне дауласасындар... Шалқиіз деген жоқ, Доспамбет деген жоқ, Қазтуған деген жоқ... Бәрі де ойдан шығарылған аттар, — дейді.

Жиналған жұрт сілтідей тына қалады.

— Мына кітапқа Шалқиіздікі деп тықпалаган дүниенің бәрі де — Махамбеттің өлеңдері, — дейді Қажекен сөзін жалғап.

«Арыстанмен айқаспаймын, тыныш отырам» деп уәде берген Мұхтар Мағауин дәл осы тұста орнынан атып турады:



— Ойдан шығарылған жоқ, Қажеке,— дейді лықсыған сезімін барынша тежеп.

Қажекен жас жігітке бұрылып, бір қарайды да:

— Қарағым, бұл өлеңдер Махамбеттің 1925 жылы шыққан жинағында басылған, сіз оны білесіз бе? — дейді.

— Білемін,— дейді Мұхан да табандап,— бірақ бұл өлеңдер сіз айтып отырған кезден тұра 50 жыл бұрын, 1875 жылы Шалқиіздің өлеңдері деп Орынборда басылып шыққан.

— Сен бала қой! — деп Қажекен айқай салады,— сен айтқаннан 50 жыл бұрын Махамбет бұл өлеңдерді өз аузынан шығарған!

Ұрыста тұрыс болсын ба, енді жас Мұхтар да дауысын көтеріп, айқайға басады:

— Қажеке, сіз айтып отырған уақтан тұра 500 жыл бұрын қазақ бұл өлеңдерді Шалқиіздікі деп айтып жүрген болатын!

Қажекен не дерін білмей мұдіріп қалады.

— Ендеше, мен бұл мәселені басқаша қоям! — дейді күбірлеп.

Сонда Мұхтар:

— Мен жақында қорғаушы едім, әңгімені сол жерде жалғастырайық! — депті екпінін баса алмай.

\* \* \*

Мұхтар Мағаун диссертациясын қорғайды. Шақырылған Қажым Жұмалиев ғылыми кеңескес келмейді. Арада тағы да біраз уақыт өтеді.

Бірде екеуі Жазушылар одағының кезекті бір Пленумының мәжілісінде кездесіп қалады.

— Өжет жігіт екенсің, диссертацияны сәтті қорғады деп естідім, құтты болсын! — дейді Қажекен Мұқаның қолын қысып.

— Рахмет! Сіздің де алпысқа толған мүшел то-

йынызбен құттықтаймын! — дейді аға сыйлай би-  
летін Мұхаң да ізетпен.

— Эрине, сен кандидаттық атаққа әбден лайық  
жігітсің. Бірақ ұстанған концепцияң қате... Шал-  
киіз бәрібір әдебиет тарихына енбейді! — дейді  
Қажекен.

Сонда Мұхтар:

— Қажеке,— депті саусақтарын бірінен соң бі-  
рін санай бүгіп,— менің жасым қазір жиырма же-  
тіде. Сіз жасыңыз келген ақсақалсыз. Сондықтан  
таяудағы 50 жылдың ішінде Шалкиіз әдебиет та-  
рихына енеді деп алдыңызда уәде бере аламын,—  
деген екен.

### АҚШАСЫ ЕМЕС, АТАҒЫ ҮШІН...

1958 жылдың көктемінде Ғабит Мұсірепов  
ҚСРО Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидат  
болып тіркеледі де, қасына ақын Мұзафар Әлім-  
бәевты ертіп, шағын самолетпен Мәскеуге үшады.  
Бірақ самолеттері апатқа ұшырап, абырой болған-  
да Қызылқұмның шағылына құлап, жолаушылар  
аман қалады. Аман қалған жолаушылар торғай-  
дай тозып, құмды кешіп бір ауылға жетеді. Бой  
жазып, дем алған соң Ғабен мен Мұзағаң ауыл-  
дың дүкеніне кіреді. «Іш киімім тозып жүр еді» —  
деп Ғабен ағарандаған бірденені құлаштап өлшеп  
жатқан кезде, Мұзағаң оның бағасын біліп алыш,  
сатушыға ақшасын төлейді. Мұны байқап қалған  
Ғабен:

— Эй, кедей (ол кісі Мұзафарды ылғи да осы-  
лай атайды екен), сен не істеп жатырсың? Неме-  
не, байып кеттің бе? — депті.

Сонда Мұзағаң:

— Әлі байи қойғам жоқ, Ғабе. Бірақ қазактың  
Ғабитіне дамбал сатып алыш берген деген атақ-



тың өзі неге тұрады. Сол атақ үшін төлеп жатырмын,— деген екен.

## КҮРІШ—ДУГ

Жазуға ден қойғанда күй талғамайтын жазушының бірі Бейімбет болған.

Бірде тұн ортасы болса керек, үй іші тегіс шырт үйқыда екен. Бір уақытта Бейімбеттің:

— Гүлжамал, а Гүлжамал! — деген дауысы естіледі.

— Е, не боп қалды?! — деп Гүлжамал да басын көтеріп алады ғой. Сонда Бейімбет:

— Осы күрішті татарша қалай атаушы еді? — депті.

— Ой, тәйірі-ай, бірдеңе болып қалған екен десем, «дуг» дейді татарлар...

— Болды-болды, енді үйыктай бер! — деп Бейімбет жазуға кіріспін кеткен екен.

## ӘБІЛАХАТТЫҢ ҚАЛАМАҚЫСЫ

Бірде атақты композитор Әбілахат Еспаевтың «Мәдениет және тұрмыс» журналына (қазіргі «Парасат») нотасымен бір өлеңі шығады. Сол өлеңнің қалам ақысын барып алса — әдейі аз қойған ба, ақшасы мардымсызыдау екен. Әбілахат ақшаны алады да, журналдың жауапты ҳатшысына кіріп:

— Мәдениеттерің жақсы, тұрмыстарың нашар екен,— депті де, шығып жүре беріпті.

## ТІЗЕ НЕГЕ АУЫРАДЫ?

Ақын Сырбай Мәуленов ұзак жылдар бойы басшы қызметтерде болған кісі ғой. Сол Сырағаң

зейнеткерлікке шыққан соң, бірде өзінің жақсы көретін талантты інісі Ұлықбек Есдәuletovты қасына ертіп, көше бойлап келе жатса, қарсы алдынан құрдасы Жұбан Молдағалиев үшыраса кетеді.

— Иә, Сыrbай, денсаулығын қалай? — дейді Жұбағаң амандасып.

— Жаман емес... Бірақ та соңғы кезде тізем қақсап, болмай жур,— дейді Сырағаң да құрдасына мұңын шағып.

Сонда Жұбан:

— Кезіндегі талайларға тізенді батырғасың ғой тегі... Тізен ауырса — соның ақысы да,— депті қалжындалп.

## КІМДІКІ ЖӘН!

Республика жастар одағы сыйлығының лауреаты, талантты ақын Ұлықбек Есдәuletов бірде американдық бір досын Алматыдағы ұлттық тағам жасайтын асхананың біріне ертіп апарады. Арнайы заказбен дастарханға төре табақ қазак еті келген кезде американдық шанышқымен іліпшоқып жейді де, Ұлықбек жылы-жұмсаққа саусағын бойлата сұңгітіп, қолмен асайды. Ұлықбектің бұл мінезіне таңданған американдық жігіт:

— Сен өз халқыңың озық ойлы интеллигенттіңін біреуісің. Етті неге шанышқымен жемейсің? — деп сұрақ қояды.

Сонда Ұлықбек:

— Достым менің, сен үстап отырған андағы шанышқымен бұл асханада күніне кемінде жұз адам тамақ іshedі. Ал менің шанышқым тек өзімеғана қызмет жасайды,— деп саусактарын бадырайтып, майы сорғалаған алақанын жалапты.

Халық қолөнерінің жанашыры, белгілі өнер зерттеуші Мұхаметжан Әлімбаев шығармашылық сапармен 1990 жылы Монголияның Баян — Өлгей аймағына барады. Ол жердегі қазактардың тұрмыс-тіршілігінен, қолөнер үлгілерінен материалдар жинап, айға жуық ел аралап жүріп қалады. Ондағы қазақ ағайындардың қайда барса да беретіні ет екен. Тұмысынан қалжыңбас Мұхаметжан ағайындардың осы ерекшелігін байқайды да, сол жақтағы Куанған деген ақынның үйінде отырған кезде:

— Етті жей-жей қасқыр бол кетем бе деген қаупім бар,— дейді әзілдеп.

Сонда Куанған:

— Былтырғы жыл Алматы барғанда мен де шөп-шаламды жей-жей ешкі бол кете жаздағам,— деп әзілге әзілмен жауап беріпті.

### ЖЕЛПУІШТІҚ ҚҰПИЯСЫ

Көрнекті қазақ ақыны, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұманбай Молдағалиевтың бірде Жапония еліне жолы түсіпті. Сол сапарынан Тұмекен әйеліне сыйлыққа әсем безендірілген, әлеміштеп боялған желпуіш ала келеді.

— Тұмаш, Жапониядан әкелген әлті желпуішіңді сындырып алдым,— дейді оған бірде әйелі.

— Сыныш қалғаны қалай? — дейді Тұмекен тандашын.

— Білмеймі... Эйтесуір сыншып қалды.

— Жапондар сынштың дүние жасамаушы еді ғой. Сен онымен кате желшіген шығарсың?

— Кате емес, кәдімгідей былай желпідім,— деп әйелі алақанымен желшіп көрсетеді.

Сонда Тұмекең мырс етіп:

— Жапонияның желпуішімен олай желпімейді.  
Желпуішті ұстап тұрып, басты шайқайды,— деген  
екен.

## ҚАСЕКЕҢНІҢ ҚОЙ СОЮЫ

Әйгілі партизан-жазушы Қасым Қайсенов бозбала күнінде қазіргі бәйбішесі Асыл апамызды он алты жасында алып қашқан екен. Қасекен ол кезде от алыш ораққа түскен өжет жігіт болса керек. Содан қайын жұртына әне барам, міне барам деп жүргенде соғыс басталып кетеді. Сөйтіп Қасекен қайын атасының алдынан да өтпей майданға кете барады. Соғыста дүркіреп атағы шығып, батыр партизан атасын, екі омырауы ордендер мен медальдарға толып, соғысты тәмәмдап аман-есен үйге оралған соң, келіншегі екеуі қайын жұртына жиналады. Бұрынғы тентек күйеуді, кейінгі батыр күйеуді қайын атасы да жақсылап күтіп алады. Құйрығы төнкерілген қазакы ту қойды алдырып:

— Ауылда мал соятын ереккі кіндікті қалмады. Қүйеу, сен тұрғанда, енді қойды мен соям ба? Бауызда мынаны,— деп қайын атасы Қасымның қолына пышақ ұстатады.

— Күп болады,— деп Қасекең пышақты алады да, қойдың аяғын да байламастан жерге алып ұрып, тізесімен басып тұрып тамаған осып-осып жібереді. Ұят болғанда пышақ өтпейді екен, карулы қолмен екі рет осқанда кеңірдегін ғана кеседі.

— Мынау пышақ емес, тесе фой,— дейді де, Қасекең пышақты былай лактырып жіберіп, тыптырлап жатқан қойдың басын екі бұрап жұлып алыпты. Батыр күйеуді көруге жиналған бала-шаға, көрші-қолаң оның мына қылышын көргенде у-шу болып қаша жөнеліпті.

Қаперінде дәнеңе жок Қасекен:

— Пах, мына қойдың басы пәшестің басынан да мықты екен,— деп, алақанын сүртіп, орнынан тура беріпті.

## ДЗЕРЖИНСКИЙ МЕН АҚСЕЛЕУ

Көрнекті этнограф-ғалым әрі тамаша жазушы Ақселеу Сейдімбеков 50 жылдық мүшел тойы қарсаңында, былайғы дос-жарандарының таңда-нысына орай, бойын түзеп, кәдімгідей сақал, мұрт қойыпты. Өзі де сұңғақ бойлы, тарамыстай тар-тылған ақсары жігіт қой, екі ұшы әсемдікпен өрілген мұрты сарғыштау келген шоқша сақалы кескінді келбетіне кереметтей жараса кетіпти. Бір-де, қаламгерлер арасында отырған кезде Жазу-шылар одағының сол кездегі хатшысы ақын Ұлық-бек Есдәулетов:

— Алматыдағы Дзержинский көшесін өзгертіп, шапырашты Наурызбай бабамыздың атын қой-дық, қош делік... Ендеше, көшениң дәл ортасында тұрған Дзержинскийдің ескерткішін де сорайтпай мәскеуліктер құсан мойнына арқан іліп, тұп ор-нымен қопарып тастасақ қайтеді? — деп, топ ор-таға оқыс ұсыныс тастапты.

Сонда, қашанда құрдастарымен әзілі жарасқан қалжыңбас қаламгер Кәдірбек Сегізбаев Ұлық-бек інісін сабырға шақырып:

— Дзержинский байқұсты құлатып тіпті де қа-жеті жок... Үстіндегі шинелін сыпыра салсан болды — сақал-мұрты шошайған Ақселеу Сейдімбе-ковтің ескерткіші болады да шығады,— деген екен.

## ҚАРТАЙҒАННЫҢ «БЕЛГІСІ»

Бір жиені үйленіп, ақын Мұзатар Әлімбаев 1977 жылы Павлодар қаласына тойға барады. Ол тойға Мұзатардың туған жері Маралдыдан да бір топ ағайын-жекжаттар келеді. Арапарында ақынмен бірге оқып, бірге өскен жора-жолдастары да бар екен. Солардың бірі — Қабылқақ деген құрдасы Мұзатармен құшақтасып, төс түйістіріп аманадасады да:

— Мұскен, сен өзің шашың селдіреп, қартайып қапсың ғой? — дейді таңданғандай болып.

Сонда Мұзатар іркілместен:

Қабылқақ, рас айтасың —  
Шашымнан тарақ қалды,  
Аузыннан арақ қалды,  
Ойыннан картам қалды,  
Койыннан қалқам қалды,—

деп өлеңмен жауап беріп, тойға жиналғандарды ду күлкіге батырыпты.

## ХАЛЫҚТАН ҮЙРЕНСІН

Әйгілі музыка танушы, есімі дүние жүзіне та-  
нымал профессор Иосиф Игнатович Дубовский  
көзі тірі кезінде бірер жылға Алматыға келіп,  
Құрманғазы атындағы консерваторияда дәріс беріпті. Бірде консерваторияның сол кездегі ректоры  
Құддис Кожамияровқа жоғары жақтан «Шемші  
Қалдаяқов, Әбілахат Еспаев, Әсет Бейсеуовтерді<sup>1</sup>  
окуға қабылдалап, нота үйретіндер» деген мазмұн-  
дағы нұсқау түседі. Ректор халық таланттары на-  
ғыз мықтының өзінен дәріс алсын деген оймен,  
был мәселені Дубовскийге тапсырмақ болады.  
Сонда Иосиф Игнатович ректордың өтінішін  
сабырмен тындал болғаннан кейін:



— Мен Шәмші, Әбілахат, Әсет секілді біртума таланттарды оқытуға өрем жетпейді, олар бұрынғыдай өз халқынан үйрене берсін. Егер оларды біз теорияның тар шаблонына салып, жұғысып кетсек — әндерінде аңқып тұрған ұлттық бояуды ондырып аламыз,— деп, нағыз білімдар ақсүйекке жарасатын аталы сөзбен жауап беріпті.

## МАШИНА ТОҚТАТУДЫҢ БІР АМАЛЫ

Әйгілі Шашубай ақын — әнші, жырши, сал сеңі, композитор, айтыс ақыны ғана емес, мың бұралтып би де билей алатын, жүз құбылтып сиқыройын да көрсете алатын, әсемдеп акробатика да жасай алатын сан қырлы өнер иесі болған кісі гой. Ұлы Отан соғысы кезі екен дейді, сол Шашекен сырнайын арқалап, жаяулатып бірде жолға шығады. Үлкен жолда анда-санда өткен машиналардың бір-екеуіне қол көтерсе — алмайды. Сонда Шашекен құлыққа көшіп, қара жолдың дәл ортасына төбесінен шанышылып, аяғын жоғары көтеріп тұра қалыпты.

— Ойбай, ақсақал, сізге не болды? — дейді машинасын амалсыз тоқтатып, жерге түскен жүргізуші.

Сонда Шашекен алақанындағы шанды қағып:

— Қол көтергенге сендер тоқтамайды екенсіндер. Сосын, тегі шопырдың жөні осы шығар деп, аяғымды көтердім,— деп жауап беріпті.

## СӘЛЕМДЕСҮ

Ақын Фали Орманов іркілдеген мол денесімен Жазушылар одағы үйінен мамырлап басып шығып келе жатса, қалбаң қағып Қайнекей Жармамбетов қарсы ұшыраса кетеді.

**Қайнекей:**

— Ассалау мағалейкүм, ақсақалым! — деп айғайлай амандасты.

**Сонда Фали:**

— Үәләйкүм мәссеңдәм, тап-тапалым! — деп өте беріпти.

## **ТАЙЫРДЫҢ РЕНИШІ**

Елуінші жылдардың басында ақын Фали Орманов Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында біраз жыл Бас редактор болып қызмет атқарыпты. Сол жылдары, бірде Галекең Тайыр Жароков қолжазбасын өткізеді. Галекең әрі ойланып, бері ойланып, баспаңың мүмкіндігін ескеріп, өлеңнің әр жолына 7 сомнан қойып (ескі ақшамен ғой), Тайырдың қолына келісім-шартты ұсынады. Тайыр келісім-шартты алады да, үн-түнсіз шыға жөнеледі. Бірақ ұзаққа кетпей, қайыра бұрылып, қабылдау бөлмесіне келеді де, бір парап қағазға:

«Бір бастық бола қапты әлдеқандай,  
Үнемдел менен өзек жалғағандай,  
Жолыма 7 сомнан ұсынады,  
Мен бұрын 14 сомнан алмағандай!» —

деп айбақ-сайбақ жазады. Сосын хатшы қызға:

— Мынаны бастығыңа апарып бер! — деп гүжетіпти де, ашуулана шығып кетіпти.

## **МИНИСТРЛЕР ДЕ ӘЗІЛДЕСЕДІ**

Баяғыда Өтешқали Атанбаев деген, ұзак жылдар бойы партия, совет саласында үлкен қызметтер істеген бір кісі болыпты. Өзі қалжыңбас, әзілкеш, әдебиет пен өнерден хабары мол зерделі азамат екен. Бойындағы бар міні — шашы сирек,



желкесінде көзге көрініп тұратын үрасы бар, лақса кісі болса керек. Сол кісі Қаражат министрі болып қызмет жасап жүрген кезде әдебиет зерттеуши, білгір ғалым Илияс Омаров — Мәдениет министрі екен де, әзілдері жарасқан соң екеуі қалжындасып қатты ойнай беретін көрінеді. Бірде жиналыста отырған кезде министр Омаров министр Атанбаевқа мынадай «записка» жазып жіберіпти:

«Шашың бар көк текенің қылышындаидай,  
Желкең бар жесір әйел тұмсындаидай,  
Қызы көрсөң айналасың үйіріліп,  
Кемпірдің жіп шірген үршындаидай».

### «ӨЛЕҢІМДІ БАСПАСАҢ...»

Ақын Берқайыр Аманшин «Жұлдыз» журналының поэзия бөлімін басқарып отырған кезде ол кісіге Қабыкен Мұқышев бір топ өлеңдерін апарады. Содан өлеңнің тағдырын Қабыкен де сұрамай, Берағаң да айтпай, арада жарты жылдай уақыт өтіп кетеді. Бірде, көшеде екеуі оқыс ұшрасып қалады. Қабыкен табан астында:

Әй, Берқайыр, Берқайыр,  
Ағаң сенің ер Тайыр, \*  
Өлеңімді баспасаң —  
Кайта өзіме бер қайыр,—

депті де, амандаспай да, қоштаспай да әрі қарай жүріп кетіпти.

### АЛТАЙ МЕН КӨБЕН

Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының, басқа да бірқатар сыйлықтардың лауреаты

\* Тайыр Жароковты айтып тұр.

Оралхан Бекеев пен жазушы Дидахмет Әшімханов Өр Алтайдағы Шыңғыстай деген ауылда туып-өсken, ағайындас адамдар екен. Сол Шыңғыстайдың түстік бір шетінде, сілемденген қарт Алтайдың етегінде Көбен атты аласа ғана төбе болса керек. Дидахметтің «Аққабаның толқыны» деген алғашқы кітабы жарық көрген кезде ол Оралхан ағасына мынадай қолтаңба жазып беріпті:

«Ореке!  
Сіз асқар Алтай болсаңыз,  
Мен — Көбен шығармын,  
Сіз — телегей-теңіз болсаңыз,  
Мен — өзен шығармын.  
Сіз — көк сүңгі болсаңыз,  
Мен — тебен шығармын.  
Бірақ та,  
Осы шағын кітапта  
Мен де бірдеңе деген шығармын».

### МАКЕТПЕН МУЖІЛГЕН ТІС

Жазушы Дидахмет Әшімхановтың «Қазақстан пионері» газетінде істеп жүрген кезі екен. Бірде газеттің макетін сызып отырса, курсасты әрі қызметтес жолдасы Әшірбек Аманкелдиев «мынаны былай сыз, мына жағын олай жаса» деп оған ақыл үйретіп, қайта-қайта мазалай беріпти.

Ақыры шыдамаған Дидахмет:

— Эй, Әшеке, мына тісті көрдің бе? — депті аузын керіп азу тісін көрсетіп.

— Көрдім... азу тісінің тұқылы ғана қалыпты ғой,— дейді аңқау Әшірбек.

Сонда Дидахмет:

— Қөрсөң сол, Әшеке, осы тіс макет сызудан мужілген,— деген екен.

## ЕРІННЕҢ ШЫҚҚАН ШАТАҚ

Жазушы Дидахмет Әшімханов ер мұрынды, дүрдиген ерінді, қатқан қайыстай арық жігіт. Жағы пышақ жанығандай етсіз болғандықтан көрер көзге ерні тәңкөріліп, ерекшеленіп тұрады. Бірде осы Дидахмет жазушы Марат Қабанбаевтың үйіне қонаққа барып, екеуі ұзақ таңға әңгіме-дүкен құрса керек. Құнделікті тірлік, саясат, әдебиет төңірегінде екеуі келелі ойлар қозғап, пікірлері бір арнада тоғысып, көніл жазып отыра береді. Небір заматта әңгіме тақырыбы фольклорға, оның ішінде батырлық қисса-дастандарға қарай ойыстайды. Марат білгірлік танытып, қиссалардан екі-үш үзінді оқиды.

*Астыңғы ерні жер тіреп,  
Устіңгі ерні көк тіреп...—*

деген тұсқа келгенде, Дидахмет орнынан атып тұрыпты да, үн-түнсіз үйден шығып жүре беріпті.

Аң-таң күйде отырып қалған Марат қаламdas досын қалайша ренжітіп алдым деп қиналады. Себебін сонынан үққан секілді... Сол оқиғадан кейін ол достарының алдында қисса түгілі, өлең де оқымайтын болыпты.

## ЖАСТАРДЫҢ КІНӨСІ НЕ!

Қалдарбек Найманбаев Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшылығына сайланғаннан кейін алғашқы екі-үш айдың ішінде «Жазушылар үйінде» біраз игілікті шаруалар тындырып тастанапты. 1932 жылғы голошекиндік геноцидтің құрбандарына, арамызға кайтып оралған арыстарымыз — Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жұсіпбек, Міржақыптың, т. б. рухына, 1986 жылғы Желтоқсан

оқиғасында құрбан болған жастарға бағыштап мал сойып, қазан көтеріп, бірнеше рет ас бергізеді. Өкінішке орай ондай астарға ылғи ақсақал жазушылар ғана шақырылып, жастар ескерілмей, шеттеп, тіпті ондай астың беріліп жатқанын естімей де қалады еken. Соған аздап өкпе-назы бар жастардың бірі, ақын Төрекелді Тұяқбаев:

*Ай сайын бір ас береді Қалдарбек,  
Жылы-жұмсағын кетеді тек шалдар жеп,—*

деп өлең шығарып, қаламгерлер арасына таратып жіберіпти.

### «ҚАЙРАТ» ҚАЙ ЖАҚТА!

Фантаст-жазушы Жұніс Сахиев оку бітірген сон өзіне ыңғайлы жұмыстың ретін таба алмай, ақырында республикалық «Спорт» газеті редакциясына қызметке орналасады. Аспан әлемін, миллиардтаған галактикаларды зерттеп, ой-қиялы көkte жүрген Жүкенің спорт дегеннен хабары шамалы еken. Бірақ қызмет бабы оған қарай ма, редактор жаңа қызметкеріне «Қайраттың» ойынын жазып келуді тапсырады. Сөйтіп Жүкен өз ғұмырында тұнғыш рет стадионға келеді ғой. Бұғанға дейін білмей жүрген еken, футбол ойыны дегеннің де қызық шаруа екеніне сол жолы Жүкенің көзі әбден жетеді. Жанқуйерлерге қосылып еліре айқайлап, реті келген жерде ысқырып, доп соғылғанда орнынан атып тұрып алақаны ауырғанша қол соғып, мәз-мәйрам болып стадионнан шығады. Шыққан бойда газетке материал жазу керектігі есіне түсіп, қасында келе жатқан жігіттен:

— «Қайрат» қай жақта ойнап еді? — деп сұрайды.



Жігіт бажырайып Жүкеннің бетіне бір қарайды да:

— Бірінші таймда солтүстік жағында, екіншісінде онтүстік жақта ойнады,— дейді.

— Жо-жоқ, киімінің түсін сұрап тұрмын.

— Көк мәйкелі.

Сонда Жүкен өзіне-өзі риза пейілмен:

— Бәсе, өзім де соларға іш тартып ем, бірденеңі сезген екем гой,— деген екен.

### АЛЬБОМ ЖАЙЫНДА «АЙТЫС»

«Өнер» баспасынан Қазақстанға аты мәлім суретшілердің, қолөнер шеберлерінің альбом-кітаптары жыл сайын шығып тұрады. Сондай кезекті бір альбом республика Жастар одағы сыйлығының лауреаты, атақты шебер, қолөнерші Дәркембай Шоқпарұлының шығармашылығына арналып, баспаның жұмыс жоспарына енгізіліп қояды. Бірақ соңғы жылдардағы қағаз тапшылығы салда-рынан баспа біраз қындықтарға үшырап, альбомның шығуы кешеуілдей береді. Дәркембай да «альбомым не болды?» деп тықақтап баспагерлердің мазасын алмай, үңсіз жата береді. Бірде баспаның бас редакторы Элібек Аскаров Дәркембайдан мынадай жалғыз парап хат алышты:

«Күрметті Элібек,  
«Альбомым менің кәні?» — деп,  
Элі күтіп отыр гой  
Дәркен ағаң зар илеп».

Элібек те Дәркембаймен қалжындастып ойнай береді екен, ағасын ұзақ күттірмей:

«Күрметті, Дәр-аға,  
жаның шығып бара ма?!

Ақша деген «нема» гой,

Көк тиын жоқ қорада.  
Адам салып араға,  
Қағаз тапсаң парага,  
Көтерсөң бар шығынын —  
Альбомың сонда барады-ә!» —

деп жауап жазып жіберіпті.

### ЖҰМЫС ПЕН ЖЫНЫС

«Арай — Заря» журналдарының бас редакторы, жазушы Эшірбек Қөпішев бірде суретші інісі Еркін Нұразхановка: «Бізге бір мықты суретші тауып берші», — деп өтініпті. Келесі күні Еркін Москвандың полиграфиялық институтын бітірген бір жас келіншекті Әшірбектің алдына ертіп барады.

— Еркінжан-ау, мен саған ер адам тапсырып едім ғой, — дейді Әшірбек ыңғайсызданып.

Сонда Еркін:

— Әшеке, сізге адамның жұмысы керек пе, әлде жынысы керек пе? — деген екен.

### ТЫҢ ТАҚЫРЫП...

Драматург Қалихан Ысқақовтың Жазушылар одағындағы кеңессіне жазушы Асқар Сүлейменов кіріп келеді. Қабинетте орыс тілінде жазып журген жас драматург отыр екен.

— Асеке, — дейді Қалихан отырған жігітті таныстырып болған соң. — Мына ініңнің жақсы пьесасы бар, спектаклі Лермонтов атындағы театрда жүріп жатыр. Соған рецензия жазып берсөңші.

— Ол пьесаны оқығаным жок, көргенім жок. Қөрмегенді көрдім деп құдай алдында күнәһар болар жайым және жок, — дейді Асқар.

— Асеке,— дейді жас жігіт те қызбаланып.—  
Пьеса тың тақырыпқа жазылған. Мұлдем жана,  
бұрын ешкім айтпаған нәрсе. Адам идея үшін  
өлімге бас тігеді...

— Ә-ә,— дейді Асқар селт етпестен.— Адамның  
идея үшін өлімге бас тігуі тың тақырып емес, әде-  
биет әдебиет болғалы соны жазып келеді. Адам  
өз игілігі үшін иттікке бас тіксе, міне, бұл нағыз  
тың тақырып!

### ЖЕТІ ҚАДАҚ ЕТ

Жазушы Асқар Сүлейменов бір күні сыйласып  
жүрген ақын жігіттің ауылына қонаққа барса ке-  
рек. Жолдасының әкесін бұрыннан жезде қылып  
калжындасады екен. Осы сапарында да үйге ен-  
телей кіріп барған Асқар шекпенін жамылып, қи-  
сайып жатқан жездесін нұқып қалып:

— Әй, жеті секөндтен кейін алдыма жет! — деп  
зекіп, төргі бөлмеге өтіп кетіпті.

Айтқандай, іле ізін баса ішкі бөлмеге жездесі  
де енеді. Енген бойда шаншылып отырған Асқар-  
ға қарап:

— Тө-у, жеті секөндте жет дегенге жан алатын  
әзірейілім бе десем, жеті-ақ қадақ ет екенсің  
ғой,— депті Асқардың тарамыстай тартылған  
арықтығын мегзеп.

### ТАМАҒЫҢ ОЙЫЛСА...

Бірде ақындар Ибраһим Исаев пен Жарасқан  
Әбдірашев екеуі әңгімелесіп отырады. Ибраһим:

— Екі күн саяжайда жұмыс істеп едім. Әттесі-  
не нәлет, қарашы, алақаным күлдіреп ойылып  
қалды, жүдә,— деп досына мұңын шағады.

Сонда Жарасқан:

— Ойпир-ай, қын болған екен, әнеу күні екі апта бойы дамылсыз ішкенде тамағым ойылды деп айтқаныңды естімеп едім... — деген екен.

### ҚАҢҒЫП КЕЛГЕН «КҮРКЕТАУЫҚ»

Ақын Есенғали Раушанов өлеңдер жинағын баспаға табыстал, кітабы өндіріске кеткелі жатқанда белгілі ақындарымыздың бірі әлгі жинаққа қатты шүйлігіпті. Әсіресе «Қара бауыр қасқалдақ» деп басталатын өлеңіне (кейіннен ән жазылды) қайта-қайта тоқталып:

— «Қаңғып келген шүрегей» деп Колбинге тиісіп отырсың. Ол қаңғып келген жоқ, оны партиямыз жұмсады, қоғам қайраткері, көрнекті адам,— деп қоймаса керек.

Бұл сөзге қатты күйінген Есенғали:

— Несі бар, «шүрегей» тақымыңызға толмаса, онда «күркетауық» деп-ақ ала беріңіз,— депті.

### «ҚОЛЫНДЫ ЕМЕС, ПОЛЫНДЫ ЖУ»

Ақын Ұлықбек Есдәuletovtің журналистика факультетін бітіретін жылы ғана жатақханаға қолы жетіпті. Содан бір күні бөлмесіне кіріп, енді сырт киімдерін шеше бергені сол-ақ екен:

— Ойбай, декан Темірбек Қожакеев келе жатыр,— деп студенттер абыр-сабыр болып қалыпты. Жан-жағына қарап, шашылып жатқан бөлмеде отыра беруге қысылған Ұлықбек сып беріп жуынатын бөлмеге қойып кетсе керек. Біраз уақыт тұрған Ұлықбек есікті ашып қалса, декан дәлізде күтіп тұр екен.

— Эй, Есдәuletov, не істеп жүрсің? — деп сұрапты Темекен.



— Жәй. Қолымды жуып...  
— Эй,— деп мырс етіпті Темекен.— Қолынды  
емес, алдымен полынды жумайсың ба?!

## ДЕКАННЫҢ ҚАРАЙТЫН ЖЕРІ

Студент шағында бір топ достарымен бірге жасақын Мәди Қайыңбаев жатақхана залында теледидар қарап отырыпты. Бір уақта теледидардан Алматыдағы Ленин даңғылы бойындағы «Үш батыр» деп аталатын зәулім ғимарат көрініп қалыпты.

— Мәссаған, анаң қараңдар,— деп дауыстап жіберіпті Мәди.— Мынау біздің декан Кожакеевтің үйі фой... Әне, Кожакеев балконнан қарап тұр! Сол сэтте:

— Қайыңбаев, эй,— деген таныс дауыс естіліпті ту сыртынан.— Кожакеев балконнан емес, желкенен қарап тұр!

Мәди сасқан жерде жалт қараса, расында да желкесіне төніп өзінің деканы тұр екен. Жатақхананы аралап жүріп, ол кісі де бір сәтке теледидар алдында дамылдап тұрған кезі болса керек.

## БОСАҒАН ТІСТІ ЖҰЛАДЫ

Журналист әрі балалар жазушысы Алпысбай Шымырбаевтың қаламгерлер арасында «Жатып-атар» деген қосалқы аты және бар. Ешқашан дауыс көтермейтін, ылғи да мұрын астынан міңгірлеп, баяу сөйлейтін Алпаң сөз тапқанға келгенде құрдастарын екі орап әкетеді екен.

Кезінде Алпысбайға аздап тісі батқан, соңынан өзі де жоғарыдан ескертүлер алғып, жайы келісің-кіремей жүрген Алпысбайдың бір бастығы болып-

ты. Сол туралы бір кездесе қалған сэтте журналист Эшірбек Аманкелдиев:

— Алпа, сені қудалаған бастығың өзі орнынан түсейін деп жатыр, естідің бе? — десе керек.

Сонда Алпаң алақанымен самай шашын сипап қойып, баяу ғана:

— «Әшеке, мұндай жақсы хабарыңа рахмет... Жалпы, босаған тісті жұлған жақсы ғой,— деп жымия жауап беріпті.

## БӘТЕҢКЕҢІЗДІ ТАЗА ҰСТАЙМЫН ДЕСЕНІЗ...

Дидахмет Эшімханов киіміне қыл жүқтыврмайтын, бәтеңкесі де айнадай жалтырап жүретін, бойын үнемі таза ұстайтын жазушылардың бірі еken. Сонысын байқап жүрген қызыметтес бір інісі:

— Осы сіздің бәтеңкеңізге қылау жүқпайтынына қайранмын... Мен де сіз құсап жалтырап-ақ шығамын үйден, бірақ автобуста қысылып-қымтырылып, жұрт аяғымды басып...— деп, «мұнын» шаға берген кезде, Дидахмет оның сөзін бөліп жібереді.

— Түh... сен де қызық екенсін,— дейді қолын сілтеп.— Автобусқа адам бәтеңкемен кіре ме еken? Жұрт аяғымды басып, тап-таза бәтеңкемді былғайтынын білем де, мен автобусқа кіре бере бәтеңкемді шешіп қолыма алам...

— Қалайша? — деп, ана жігіт ағасының әзіліне аң-таң болып қалады. Сонда Дидахмет оның арқасынан қағып:

— Айналайын, інішек, сенің болашағың әлі алда. Үнемі мына мен құсап бәтеңкен таза жүрсін десең — лайсан, батпақ күндері де бәтеңкенді шешіп, көшеде жүргенде қолыңа алып жүр, жәрәй ма! — деген еken.

## ҚАСЫМҒА КӨҢІЛ АЙТУ

Әйгілі партизан-жазушы Қасым Қайсеновтің әкесі сексенінші жылдардың орта түсінде жүзге жетіп қайтыс болады. Бұл хабарды естіген соң Сырбай Мәуленов бәйбішесін ертіп, өзінің майдангер досы Қасекене, ол кісінің жұбайы Асылға көңіл айтуға үйлеріне барады. Есіктен кіре бере Қасымды құшақтап тұрып, Сырбайдың досына айтқан сондағы көңілі мынау екен:

Жасады әкең бір өмір ғасырындаи,  
Жетпісте жетім қалған Қасымым-ай!  
Жылама, жасыңды тый, балалар мен  
Жұбайың аман болсын, Асылыңдай!

## ГУМЕРОВ — ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ ЕДІ ФОЙ!

Бір топ ақсақал, қарасақал қаламгерлер қазіргі қазақ тілінің жай-күйі төңірегінде пікірлесіп, әңгімелесіп отырады.

— Баяғыда залда екі-үш орыс отырса болды, баяндама да, жарыссөз де орысша өтуші еді,— дейді біреуі.

— Алла-ай десенші, ондайда жарыссөзде қазақша сөйлесең — отырған жұрт қой қораға қасқыр кіріп кеткендей жақтырмай, осы ұлтшыл емес пе дегендей күдікпен қараушы еді фой,— дейді келесі қаламгер де жағасын ұстап.

— Екі-үш орысың не... Залда жалғыз орыс отырса,— шүлдірлен орысша сөйлеуші едік қой,— дейді үшінші біреуі де оларды қостап:

Сонда партизан-жазушы Қасым Қайсенов:

— Орыс түгілі сол залда татар Машқар Гумеров отырса да, тілімізді бұрап орысша сөйлеуші

едік қой. Ал Гумеров жолдас татарша да емес, қазақша жазатын жазушы емес пе еді! — деген екен.

## КОЛБАСАНЫҢ ҰЗЫНЫ ЖАҚСЫ

Әйгілі драматург Қалтай Мұхаметжановты баспасөз беттерінде аракідік «Қалжыңбас Қалтай» деп те жазып жур. Расында да Қалекең айтқан әрбір сөз қашанда нысанасына дәл тиіп, өткірлігімен, астарлы ойымен жүртшылықты тәнті етіп келеді фой.

Бірде қазақ әдебиеті мен өнерінің бір топ қайраткерлері мәскеулік, шетелдік зияялыштарды қонақ етіп, арнайы банкет беріп жатады. Сөз кезегі келген кезде Қалекеңнің бір ақын інісі өзінше пәлса-па соғып, қазақтың арғы жағы мен бергі жағын түгел қозғап, білгірсіп ұзақ сөйлем тұрып алышты. Ақыры шыдай алмаған Қалтай әлгі ақынға мойнын бұрып, сөл жымыпты да:

— Қарағым, мынау нарықтық қатынас заманында сөздің қысқасы, колбасаның ұзыны жақсы,— депті.

Білгірсіген ақын Қалекеңнің бұл сөзінен кейін жым болыпты.

## ЕКІ КИЛОГРАММ АҚША

Қалжыңбас Қалтай ағамыз жаңа жыл алдында өткізіліп жатқан әлдебір жиынға кешігіңкіреп келіпті. Бұл — 1991 жылдың желтоқсаны, яғни нарықтық қатынастың қайда апарарын білмей ел дағдарып жүрген қындау уақыт екен. Кешіккен Қалекеңнен:

— Иә, Қалтай, қайда жүрсің? — деп сұрайды құрдастары.





— Жолай көкбазарға соғам деп...  
— Иә, көкбазарда не жаңалық бар екен?  
— Ол жақта қандай жаңалық болушы еді,—  
дейді сонда Қалтай — бір кемпір бір килограмм  
алмаға екі килограмм ақша сұрап отыр.

### ӘРКІМНІҢ ӨЗ СҰЛТАНЫ БАР...

Жазушы Жақау Дәуренбековтің бөлмесінде бір автор келіп жаңалық айтып отырады. Бөлмеге кірген-шыққаның беріне жазушы Сәкен Жұнісовке қөкшетаулықтар «Сұлтан» деген атақ бергенін қайта-қайта айтып:

— Естідіңдер ме, Сәкен ағамызға сұлтан атағы беріліпті,— дей беріпті.

Бір айтады, екі айтады, уш...

Сонда автордың жаңалығына құлағы әбден жауыр болып, төзімі таусыла бастаған Жақау:

— Осы жүрт та қызық. Атақтан гөрі ат мерейлі емес пе?! Ал ондай атты өзіміздің Сұлтекең \* туғаннан бері немденіп келе жатса да біз оны жарты әлемге жария қылмай-ақ жүріп жатырмыз рой,— депті.

### САФИ МЕН ВАЙСМАН

Сарыагашта Оспанәлі Иманалиев, Насредин Сералиев, Сафи Жиенбаев үшеуі демалыста жүре-ді. Өздері қол боста преферанс ойнайды екен. Бір күні Сафидың жанына Вайсман деген драматург-режиссер келіп жайғасады. Сафи оны бұрыннан таниды екен. Бірге ертіп жүреді. Вайсман алғаш-кы кундері бұлардың ойындарына қарап қызықтап отырады. Бірнеше күннен кейін ол да ойынға қо-

---

\* «Өнер» баспасының директоры, жазушы-сыншы Сұлтан Оразалиновты айтып отыр.

сылады. Қосылғанда — оқсатады: үшеуінің де қалталарын қағып, жұрдай қылып үтады. Сонда Насредин:

— Біздің *Саги ер еді,*  
                          *талаілармен сайысқан,*  
*Сарыағаштың тубінде,*  
                          *сазайын берді-ау Вайсман.*  
Узілгендей болды-ау сенің қапияда жұлышың,  
Вайсмандай әккі қуда нең бар еді,  
                          *құлышыным,—*

депті ренжіп.

### ОСПАНХАННЫҢ «ӘЗІЛІ»

Оскең баспаға келіп, баспалдақта редакторымен ұшыраса кетеді.

— Айналайын, аман ба? — дейді аңқылдан. Сонын:— Анадағы не болды? — деп өз шаруасын сұрайды.

Редакторы:

— Ой, ағай, шығады, шығады,— дейді.

Оскең де:

— Е-е, бәсе, шығуы керек. Оспанхан Әубәкіров-тің өлеңі нашар екен деген біреу болса айт маған,— дейді.

Редактор да інілігін арқаланып:

— Кайтесіз? — дейді.

Сонда Оскең тұрып:

— Кайтуші ем? Сабайым да! — деген екен.

### КӨЗКӨРГЕН

Халқымыздың ұлы актері Қалибек Қуанышбаев дүние салғанда, оның сүйегіне түсушілердің ішінде Серке Қожамқұлов та болыпты. Қалибекті жуындырып, сосын киіндіре бастайды. Кеше ғана



құлыштайдай шүркүрасып жүрген аяулы достың жансыз денесін батыл үстап, киіндіре қою кім-кімге болса да оңай соқпай, сүйекке түскендер бір сәт күйзеліс үстінде тұрып қалады. Сонда Серке:

— Бол тез, қайын жүрттыңа келгендей боп былқындық етпей, киін шашшан! — деп Қалибектің киімін кигізе бастайды.

Көңілі босап, бей-жай болып тұрғандар әлгі сөзді естігенде шынымен-ақ Қалибек тірі жатқандай, еркелеп жатқандай сезімге бөленеді.

Бұл, әрине, Серағаның көпті көргендігіне қоса, рухы берік оптимистігі екені сезсіз.

### СӘБИТ ПЕН БАЙ-ҚҰЛАҚТАР

Алматының шет жағында Сәкеннің әкесі шарбак шегелеп жатады. Жаңында Сәкен тұрса керек. Бір кезде Сәбит Мұқанов келіп Сәкенге қол беріп амандасады да, Сейфоллаға қол бермейді. Сонда Сейфолла:

— Шырағым Сәбит, өзінді көрмесем де атыңа қанық едім, менің қолымды неге алмайсың? — дейді.

Осы кезде Сәкен:

— Эке-ау, көнілінізге алмай-ақ қойыңыз, біздің Сәбит бай-құлақтарға сәлем бермейді,— деп әзіл айтқан екен.

### СЕНИМ МЕН СЕКЕМ

Жазушылар одағының үйінде Хизмет Абдуллин, Куандық Шаңғытбаев, Шәміл Мұхаметжанов, Ізтай Мәмбетов сияқты ақын-жазушылар көрші тұрады екен. Бірде бас қосып, әзіл-қалжың жарыстырып отырғанда Қуандық:

— Ау, Хизмет, мына қазақтардың біріне Алтайдан, біріне Ақжайықтан, енді біріне Арқадан ағылып қой келіп жатады. Сен болсаң ғой, ауылыш Алматының іргесінде, өмірі бір қой алдыруды білмейсің, әлде ауыл-аймағың малдың не екенін білмей ме? — деп әзілдейді ғой.

Хизмет шыққан ортаниң шындығында малдан гөрі жерді көбірек күйттегені рас. Алайда, ет жөнінде қазақтардан кем түскісі келмеген Хизмет:

— Ә-ә, біздің ауылдың да әр көдесінің түбі мал, қой дегеніңнің күнде біреуін келтіруге болар еді. Бірақ, менде сендер сияқты балкон жоқ, бірінші қабатта тұрамын ғой,— деп жалтарады.

Мұнысына тоқтайтын жігіттер ме, «Ойбай-ау, өзің алдымен қой алдырышы, соңсaн ет сақтауға келгенде бізде балкон дегенің жетеді ғой», — деп тақымдаш қоймайды.

Сонда шегінерге жері қалмаған Хизмет:

— Жоқ, қазақ пен қасқырға етті сеніп қоюға болмайды, — деген екен.

Арада бірер күн өткенде телефон шыр етеді. Хизмет телефон құлағын көтерсе Сәбит Мұқанов екен.

— Уай, Хизмет, мен Сәбит қой,— деп өзінің қырылдай шығатын даусымен біртүрлі сергек тіл қатады.— Қазақ пен қасқырға етті сеніп қоюға болмайды деген сөзің жақсы екен.

Сәбен қырылдай күліп, телефон құлағын қоя салады.

## АҚЫНДЫҚТЫ МОЙЫНДАУ

Сөз зергері Бейімбет Майлин 1930 жылы Илияс Жансүгіровтің «Дала» поэмасын оқып шығып, ақынның қатты шалымына әбден тәнті болып:

— Енді мен өлең жазбасам да болады екен,— деген екен.



## ФАМИЛИЯСЫ ЖОҚ ҚАЖЫМҮҚАН

Бірде әйгілі палуан Қажымұқанға паспорт аудындау керек болады. Паспорт столындағы қыз Қажекенің фамилиясын сұрайды.

Сонда Қажекен:

— Шырағым бұл дүниеде екі адамда фамилия жоқ: бірі — тәңірі болса, екіншісі — әлемнің алты рет чемпионы болған Қажымұқанда! — деген екен.

## СӘБЕҢНІҢ ЖАУАБЫ

Белгілі қаламгер Сәбит Мұқановқа бір топ студент сауал қояды:

— Сәбе, сіз шығармаларды көп жазасыз. Ал қай кезде демаласыз?

— Мен бір кітапты бітіріп екіншісін бастағанда демалам,— деген екен сонда Сәбен.

## БІРТҮРЛІ АДАМ

Аз уақытта екі-үш күйеуге шығып үлгерген актриса бір күні театрға келіп тағы да түрмиска шыққанын айтса керек. Әріптерестері сыпайыгершілік жасап «құтты болсын!» айтады. Тек Серке Қожамқұлов қана томсырайған күйі үнсіз қалады.

— Сіз мені неге құттықтамайсыз? — дейді актриса.

— Сені құттықтай-құттықтай тіліміз жауыр болды ғой. Тіл байғусты қашанғы қинай бермекпіз,— дейді Серағаң.

— Сіз бар ғой, біртүрлі адамсыз осы,— дейді актриса ренжіп.

— Оның рас, біртүрлі адаммын. Бірнеше түрлі



булу қолымнан келмейді. Сондықтан өзің көрген жеңгешмен әлі келем өзгермей,— деген екен Сераган сонда күлімсіреп.

## ТІЛЕК

Кенен Әзірбаевтың 70 жылдық тойына қарақалпақтың белгілі ақыны Тілеуберген Жұмамұратов та келіпті. Осы тойға келген қонақтарына Кенекең арнайы кітапша ашып, қонақтарына лебіз жаздырып қалдыртса керек. Сол дәстүрмен ұсынылған кітапшага ол былай деп бір ауыз өлең жазыпты:

«*Қуандық көріп сіздей Кененімді,  
Білеміз ән-күйіңді, өлеңіңді.  
Нүкісте радиодан көп айтады,  
«Арам қатқыр Қекишиолақ» — дегениңді.*»

## АБАЙ — МҰХИТ

Режиссер Асқар Тоқпанов бірде Мұхтар Әуезовтен:

— Мұха, Абайды сарықтыңыз ба? — деп сұрапты.

Сонда Мұхан:

— Пәлі, Абай мұхит емес пе? Мұхитты кім сарқады,— деген екен.

## КӨРСЕТКІШТЕР

Қадыр Мырзалиев кішкене ғана, киіктің асығындай шымыр жігіт. Жусіп Қыдыров болса түйе үстіндегі адаммен тәбе теңестірерлік дейтіндей үзын бойлы. Бірде екеуі Жазушылар одағының үйіне қарай беттеп келе жатса, жігіттер көріп күліпті.



— Несіне күлесіндер, мен болсам Қазақстанның 1913 жылғы көрсеткішімін. Жүсіп болса 1973 жылғы көрсеткіші емес пе? — депті Қадыр.

## ШАЙЫР МЕН МАЙОР

Отан соғысынан оралған бір топ ақын-жазушы бірде бас қоса қалыпты. Әңгіме арқауы елге кімнің қандай шеммен оралғаны жөнінде болса керек. Отырғандар ішінде Асқар Тоқмағамбетов пен Тайыр Жароков та бар еken. Сонда Асқар отырып:

*Жарок ұлы Тайыр  
Казақта үлкен шайыр.  
Төрт жыл жүріп әскерде  
Болмады-ау не капитан, не майор,—  
депті дейді.*

## БІЛІМ МЕН БІЛІК

Бірде жиын басқарып отырған Фабит Мұсірепов:

— Бар білімі үш кластық, қазақ совет жазушысы Фабиден Мұстафинге сөз беріледі! — деп оған сөз беріпті.

Сонда Фабең мінбеге шығып:

Әй, Фабит-ай, сен мені мақтап, көпшік қоя сөйлеуді қоймай қойдың-ау! Менің бітіргенім екі-ак класс қой, үш класс бітіргенде сенің сорыңды қайнататын едік қой,— деген еken.

## ЖАУАП

Ақын Олжас Сүлейменовке бір бас қосуда мынадай сұрақ қойылыпты: «Сіз орыс тілінде жазады екенсіз. Сонда өзіңізді қазақ ақынымын деп есептейсіз бе?»

Сол сұраққа Олжас:

— Мен өзімді орыс тіліне өзім аударатын қазақ ақынымын,— деп жауап берген екен.

## АҚЫННЫҢ ҚАМҚОРЫ

Халық ақыны, айтыскер ақын Манап Қекенов 1988 жылы «Халықтар достығы» орденімен нағрадталып, шілде айының ішінде өз елі Жаңақорғанда той жасайды. Тойға Алматыдан, өзге де облыстардан белгілі адамдар шақырылады.

Той үстінде ақын Әбділдә Тәжібаев Манап туралы сөз сойлеп: «Манап сені ақын еткен халқың!» — деген ой айтады.

Келесі кезекте сөз алған фольклорист-зерттеуші Мардан Байділдаев: «Жаңа Әбекең «Манапты ақын еткен халқы!» деді гой. Мен айттар едім Манапты ақын еткен мемлін деп!» — деген екен.

## «АБАЙЛАП ЖҮРМІЗ»

Республикалық ақындар айтысын тамашалап шыққан күйіші Шәміл Әблітаев белгілі айтыс ақыны Манап Қекеновке кезігіп, сәлем береді.

«Мәке, қалай жақсы жүріп жатырсыз ба?» — дегенде, Манап Қекенов айтыста жастардың жарқырай көрінгенін мезгеп: «Баяғыда байлап жүруші едік, енді абайлап жүрміз», — деген екен.

## МЫСЫҚ ІШКЕН КӨЖЕ

Ақын-жазушылар Ұлықбек Есдәулетов пен Әлібек Асқаров баяғыда, бойдақ күндерінде біраз уақыт пәтерде бірге тұрыпты. Бірде кешкілік екеуі соңғы ақшаларын жинап-теріп, макарон сатып алады да, молырақ етіп көже істейді. Қоженің





жартысын сол кеште ішіп, қалған жартысын үйдегі жалғыз тостағанға толтыра құйып, ертенге қалдырады. Ұлықбек университеттің соңғы курсында оқиды, Әлібек болса «Білім және еңбек» журналында көркемдеуші редактор. Ертемен жұмысқа баратын Әлібек ертерек жатып қалады, Ұлықбек дипломын жазып тұннің бір уағына дейін отыра береді.

Ертеңінде диплом жазып шаршап жүрген Ұлықбек төсектен күн арқан бойы көтерілгенде бір-ак тұрады. Әлібек танертең жұмысқа кетіп қалыпты. Қарны ашыңқырап қалған Ұлықбек кешегі тостаған тоғы көжеге емін-еркін бас қояды. Әлібек бір парап ақ қағазға хат жазып, тостағаның бетіне қойып кетіпті. «Артынан оқырмын» деп Ұлықбек оны былай ысыра салады. Қөңлі жайланаң арғы жағына ел қонған соң «осы Әлекең маған не тапсырма жазып кетті екен» деп қағазға шұқшияды ғой. Сейтсе хатта мынадай жазу бар екен. «Ұлықбек! Мына көжені ішпе, төге сал, сосын тостағанды дұрыстап жу... Өйткені тұнде есік ашық қалыпты да, танертең тұрсам — үсті-басы жалба-жүлба жүні жаман бір сабалақ мысық көжені салпылдатып ішіп жатыр екен... Мен жұмысқа асығып бара жатырмын. Әлібек».

Мұндай хатты оқыған Ұлықбектің тамагы жыбырлап, жүрегі айнып, ішкен көжесін лоқсып құсып тастайды. Сонын:

— Аттасына нәлет, өзі ақша жоқта азғантай көжеге дейін бүйіртпады-ау! — деп мысыққа қатты ренжіген екен.

### СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІ

Халқымызға аты мәшіүр әйгілі атбегі, Социалистік Еңбек Ері Башай Қітапбаев ақсақал тая-

РЫН ТЫҚЫЛДАТЫП бірде Алматының көшесінде келе жатса, алдынан әдебиет сыншысы, талантты жас ғалым әрі композитор Тұрсынжан Шапаев кездесе кетеді. Аман-саулықтан соң Бошекен:

— Иә, Тұрсынжан, мынау өмірде не жаңалық? — деп сұрайды.

— Не жаңалық болушы еді... Тыныштық! — дейді Тұрсынжан не айтарын білмей.

— Қайдағы тыныштық? Горбачев отставкаға кетейін деп жатыр емес пе?

— Е, ол кісі ертең ғой... Ертең, сәрсенбі күні кешкі сағат 10-да теледидардан мәлімдеме береді деп естідім.

— Бүгін емес, ертең сөйлемек пе?

— Ертең, Бош-ага, ертең дейді...

Сонда Бошекен:

— Апымай, бұған қарағанда, Михаил Сергеевич те, тегі, сәрсенбінің сәтін қүтейін деген екен ғой,— деп таңдана басын шайқапты.



## Құрметті оқырман!

Бұл кітапшаларда негізінен әдебиет пен өнерге қатысты адамдардың айтқан сөздері іріктеліп, топтас-тырылып отыр. Алайда, ел ішінде «пәленше солай депті, түгенше бұлай депті» деген секілді, ауыл мен ауылды кезіп, халыққа ауызекі әңгіме түрінде ғана тарап жүрген талай-талай қазыналар жатыр. «Өнер» баспасы алдағы уақытта солардың да басын құрап, жүйелеп, кітапшалар шығаруды мақсат етіп отыр. Ендеше орайы келген игілікті шаруаға Сіз де қол ұшын бергейсіз: қазақтың қара тілін пір тұтқан ауыл азаматтарының айтқан тапқыр сөздерін, ұтқыр жауаптарын, орынды өзіл-қалжындарын жинап-теріп хатқа түсіріп, мына әдіріске салып жіберу-іңізді сұраймыз:

480124, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143 үй,  
«Өнер» баспасына.

Құрастырған **М. НИЯЗБЕКОВ**  
Суретшісі Е. Нұразханов  
Көркемдеуші редакторы Б. Оспанов  
Техн. редакторы Г. Сәбитова  
Корректоры Г. Аймакина

Казақ тілінде

ИБ № 844

Терімге 5.02.92 тапсырылды, Басылуға 5.03.92 қол қойылды. Форматы 70×108 $\frac{1}{32}$ . Шартты баспа табақ 3,15. Есепті баспа табақ 2,92. Кағазы типографиялық. Шығынды басылыс. Қаріп гарнитурасы «Әдеби». Тиражы 50 000 дана. Заказ № 221.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «Өнер» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің «KITAP» полиграфиялық көсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.



